МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ: НОВОЕ ВРЕМЯ»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL

«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»





NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH (NAcSIR)

OJS OPEN JOURNAL SYSTEMS

International Electronic Scientific and Practical Journal

ISSN(Print) 3005-4729
e-ISSN(Online) 3005-4737



NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH(NACSIR)

SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME

International Electronic Scientific and Practical Journal

№12 (2024)
Журнал основан в 2023 г.
Ежемесячное научное издание

Адрес редакции:
Республика Казахстан, 010000, г. Астана, проспект Мангилик Ел, С4.6
E-mail: nacsir.nauka@gmail.com
Адрес страницы в сети Интернет: nacsir.kz

Google Scholar OPEN ACCESS INDEX COPERNICUS INTERNATIONAL

© Авторы статей, 2024
© Редакция National Academy of
Scientific and Innovative Research(NAcSIR)

Главный редактор:
Абенов Айдос Максатович, *PhD (Казахстан)*

Редакционная коллегия

Сериков Айдос Максатович,
PhD (Казахстан)
С. Айтбаева,
магистр гуманитарных наук (Казахстан)
Аубакиров Максат Отешович,
кандидат педагогических наук (Казахстан)
Бурханов Ермек Нурмакович,
профессор (Казахстан)
Искандаров М.И.,
д.б.н., профессора (Кыргызстан)
Ниязова Т.Д.,
к.т.н., доцент (Узбекистан)
Хужамбердиев А.А.,
PhD (Узбекистан)
Ходжиева А.Б.,
кандидат медицинских наук (Таджикистан)
Борисов Антон Васильевич,
кандидат политологических наук, доцент (Россия)
Ахмедова С.Р.,
кандидат психологических наук, (Азербайджан)
Досина Елена Владимировна,
кандидат филологических наук (Белоруссия)
Курманов Айбол Болатович,
кандидат экономических наук (Кыргызстан)
Чемерисов Сергей Андреевич,
профессор, доктор юридических наук (Казахстан)
Жамбылов Канат Оралович,
профессор, доктор медицинских наук (Казахстан)

Editorial team

Aydos Maksatovich Serikov,
PhD (Kazakhstan)
S. Aitbaeva,
Master of Humanities (Kazakhstan)
Aubakirov Maksat Oteshovich,
Candidate of Pedagogical Sciences (Kazakhstan)
Burhanov Ermek Nurmakovich,
professor (Kazakhstan)
Iskandarov M.I.,
PhD, professor (Kyrgyzstan)
Niyazova T.D.,
Ph.D., associate professor (Uzbekistan)
Khuzhamberdiev A.A., PhD (Uzbekistan)
Khodzhieva A.B., candidate of medical sciences (Tajikistan)
Borisov Anton Vasilyevich,
candidate of political sciences, associate professor (Russia)
Akhmedova S.R.,
candidate of psychological sciences, (Azerbaijan)
Dosina Elena Vladimirovna,
candidate of philological sciences (Belarus)
Aybol Bolatovich Kurmanov,
Candidate of Economic Sciences (Kyrgyzstan)
Chemerisov Sergey Andreevich,
professor, doctor of legal sciences (Kazakhstan)
Zhambylov Kanat Oralovich,
professor, doctor of medical sciences (Kazakhstan)

Издатель: National Academy of Scientific and Innovative Research(NAcSIR)
Тематическая направленность: *по различным отраслям технических, естественных, медицинских, общественных и гуманитарных наук.*
Периодичность: Ежемесячно
Международный научный журнал зарегистрирован в комитете информации, Министерства культуры и информации Республики Казахстан.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ВАЖНОСТЬ ИНТЕГРАЦИИ БЕЗУСЛОВНЫХ РЕФЛЕКСОВ У ДЕТЕЙ С ООП

Клюкач Александр Юрьевич
Студент 4 курса КарУ имени академика Е.А.Букетова
Караганда, Казахстан

Аннотация: Еще в утробе матери, во время развития плода, формируется ряд рефлексов, называемых безусловными рефлексами, которые представляют собой стереотипные и непроизвольные формы движений. Они имеют большое значение для выживания и развития, вызываются внешними раздражителями и контролируются 3-им кругом управления нервной системы – спинным мозгом, стволом мозга и мозжечком.

Изначально безусловные рефлексы необходимы для питания, выживания и защиты новорожденного, а в более позднем возрасте они важны для процесса общения, дифференциации эмоций и приобретения более сложных навыков для обучения.

При нормотипичном развитии безусловные рефлексы в течение первого года естественным образом интегрируются, то есть отходят на второй план в определенном порядке, ведь каждый рефлекс имеет временную линию. Сохраненные примитивные рефлексы могут вызывать задержки развития, связанные с такими расстройствами, как аутизм, трудности в обучении, СДВГ, церебральный паралич, дислексия, расстройства поведения и нарушение обработки сенсорной информации.

Тестирование примитивных рефлексов на основе паттернов поведения и рефлекторной цепи, помогает определить причины дисгармоничного развития, проблем поведения или трудностей в обучении, а применение методов интеграции рефлексов приводит к значительному улучшению состояния.

Ключевые слова: Интеграция, безусловные рефлексы, новорожденные, развитие, центральная нервная система, реакции организма, разнообразные движения, восприятие.

Примитивные рефлексы помогают развитию мозга. Движения определяют схемы нейронных сетей и миелинизацию нейронных путей, которые позволяют соединять различные области мозга, что впоследствии будет важно для процесса обучения, поведения, общения и эмоций. Примитивные рефлексы играют роль в развитии, подготавливая новорожденного к движению против силы тяжести, постепенно приводя к произвольным движениям в процессе интеграции в течение первых месяцев жизни. Зрелые реакции в психомоторном развитии ребенка могут возникнуть только в том случае, если сама центральная нервная система достигла зрелости. Процесс заключается в переходе от рефлекторной реакции ствола мозга к корково-контролируемой реакции. Фактически этот процесс представляет собой переход от стволовых рефлексов к кортикальным контролируемым реакциям (Goddard, 2002).

Выявлены факторы, вызывающие дезинтеграцию безусловных рефлексов, но наиболее распространенными являются: кесарево сечение, повреждение головного мозга во время родов, недоношенность и низкий вес при рождении, шок или сильный стресс во время беременности, болезнь во время родов. Недостаточное количество времени на свободные перемещения ребенка по полу, Рефлексы, интегрированные в детстве, могут вновь активироваться в результате травмы головы, стресса или операции под наркозом.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

В организме новорожденного насчитывается более 40 безусловных рефлексов, обзор самых важных для первично-сенсорного развития и начальных этапов вертикализации младенца:

Моро\РПС

Важны для активации всех мышц тела, программирования схемы тела в мозгу, налаживания связей между органами чувств и всеми компонентами тела, формирования здоровой системы регулирования стресса, подготовка к ожидаемым благоприятным и неблагоприятным ситуациям.

АШТР (ассиметрично-шейно-тонический рефлекс)

Необходим для тренировки латеральности, развития бинокулярного зрения и биноурального слуха, развития и созревания зрительно-моторной координации, развития перекрестных движений с пересечением сагиттальной линии тела.

ТЛР (лабиринтно-тонический рефлекс)

Развивает ориентацию в пространстве впереди и сзади себя, сохранение равновесия, принятие определенных положений тела и выход из них без нарушения балансных реакций, регулировку напряжения мышц тела.

Галанта

Помогает во время родов, регулирует мочеиспускание, развивает кратковременную память, развивает слуховое восприятие, регулирует повороты тела в стороны

СШТР (симметрично-шейно-тонический рефлекс)

Создает понимание разделения верхней и нижней частей тела друг от друга, отвечает за разнообразные движения в положении на четвереньках, занимается тренировкой глазодвигательных движений.

Поисковый/сосательный

Отвечают за развитие и усиление артикуляционных мышц, также развитие глотательных мышц и совершенствование глотательного акта.

Эти и многие другие безусловные рефлексы непосредственно влияют на развитие ребенка. В определенный момент времени они должны интегрироваться и дать возможность развития высших психических функций в полном объеме, а не забирать на себя все внимание и ресурсы центральной нервной системы на поиск тех самых триггеров, активирующих рефлекторный паттерн. Безусловные рефлексы предназначены для младенцев, тем самым, при наличии их в более зрелом возрасте наблюдается инфантильность. Вследствие этого видна актуальность внедрения нового коррекционного пути для детей с ООП имеющими трудности в общении, обучении и социализации. Риски снижены, ведь метод интеграции безусловных рефлексов не является сильной стимуляцией и не имеет противопоказаний.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

0. Blomberg, H., M. Dempsey. (2011) Movements that Heal. UK: BookPal.

1. Goddard, B. S. (2002). Reflexes, learning and behavior: A window into the child's mind. Oregon: Fern Ridge Press

2. Бочкорев, С. В. (2017). Физиология центральной нервной системы. Россия: Учебное пособие

3. Walker, S. (2013). Retained neonatal reflexes – a revolutionary approach to treating children with learning difficulties and behavioral problems. Sydney: Reta- ined Neoanatal Reflexes RNR.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 597

КІШІ АРАЛ ТЕҢІЗІНДЕГІ КӨКСЕРКЕ БАЛЫҒЫНЫҢ ОРТАША ҰЗЫНДЫҚ-САЛМАҚТЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Ермаханова Жанар Зауалхановна
«Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Арал филиалы.
Кіші ғылыми қызметкер,жаратылыстану ғылымдарының магистрі.
Арал, Қазақстан

АҢДАТПА: Мақалада, Көкарал плотинасы салынғаннан кейін Кіші Арал теңізінің суының тұздылығының азаюына байланысты көксерке балығының таралу ареалы ұлғайып, теңіздің барлық аймағында кездесетін болды. Суының тұздылығы жоғары болатын Бутаков қойнауының тұздылығының азаюына байланысты көксерке балығы ол жерде көп мөлшерде кездесетін болды.

Мақалада көксерке балығының ұзындық-салмақ және жас құрамы туралы мәліметтер келтірілген.

Түйінді сөздер: көксерке, популяция, ұзындық-салмақ және жас құрамы .

КІРІСПЕ

Көксерке-алабұға туыстас балықтардың түрі болып табылады, ол негізінен таза су айдындарында тіршілік етеді, соңғы кездері тұқы өсірілетін тоғандарда да жақсы жетіліп өседі.

Көксеркені ірі тоғандарда және көлдерде өсіруге болады,әсіресе суда еріген оттегісі көп су айдындарында және сонымен қатар оларда құндылығы төмен балықтар (торта,ұсақ алабұғалар және т.б.) көп болса.

Көксеркенің денесі ұзынша келеді, оның денесі шет жақтары тіс тәріздес ұсақ қабыршақтармен жабылып тұрады. Бас сүйегі ірі,тұмсығы сүйір,сағалдырық қақпақшасы ішінара қабыршақтармен жабылған, арқа қанаттары бөлінген,кейде арқа қанаттары жақын орналасады. Бірінші арқа қанаттары ине тәріздес болады,екінші арқа қанатының алдыңғы үшеуі ине тәріздес болып келеді.Ине тәріздес тармақтары бүйір,артқы төменгі қанаттарында және сағалдырық қақпақшаларында кездеседі.Аузы үлкен, үстіңгі және астыңғы жақтарында ине тәріздес тістері болады.Арқасы жасыл-сұрғылт түсті,екі бүйірі алтын-жасыл түсті және бауыры ақтүсті болып келеді.

Екі бүйірінде 8-12 сұрғылт түсті көлденең сызықшылар болады, арқа және құйрық қанаттарында қара нүктелер болады.

Су айдындарында көксеркенің екі биологиялық түрі болады: жартылай өткермелі және тұрақты. Жартылай өткермелі көксерке уылдырық шашу үшін өзеннің жоғарғы ағысына көтеріледі. Оңтүстік аймақтарда көксерке наурыз айында, ал солтүстік аймақтарда сәуір айында өзеннің жоғарғы ағысына көтеріледі. Уылдырықты судың температурасы 9-13 ˚С болғанда шашады.Уылдырық шашып болғаннан кейін өзеннентеңіздің тұщыған аймағына жайылымға түседі.Көксеркенің бұл түрінің саны өзендерде су тоспаларынің көптеп салуына байланысты азайып келеді.Көксеркенің тұрақты түрінің уылдырық шашатын жері және жайылымы бір болып келеді.Көксерке тұрақты түрінің жартылай өткермелі көксеркеге қарағанда баяу өседі.Оның денесінің массасы 6-8 кг,ал ұзындығы 75-80 см болып келеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Көксерке балығы уылдырық шашуға қолайлы, өте құнды емес балықтар көп және судағы еріген оттегі мөлшері жоғары аймақтарда су айдыны өте үлкен болмаса да,су өсімдіктері өскен жерлерде көбейіп жақсы өседі.Көксерке балығы тез өсетін балық түріне жатады.Көксерке шабағының бір жылда салмағы 35 г,екі жылда -180-200 г, үш жылда -400-500 г, төрт жылда -900 грамнан жоғары болады, яғни көксерке бірінші 3-5 жылда өте тез өседі, яғни ұзындығы 40-55 см,ал салмағы -3,0-4,5 кг болады. Көксеркенің тірілей салмағы 10кг болады,ал кей кездері 16 кг-ға дейін жетеді.

Көксерке балығы жыныстық жағынан 2-4 жаста жетіледі, ол су айдының ағысы жоқ жерлерінде тереңдігі 0,35-3,0 метр болатын жерлерде судың температурасы 8-10˚С болған кезде уылдырық шашады.Уылдырықты аналықтар арнаулы құрақтың және басқа су өсімдіктерінің тамырларынан дайындаған ұяға шашады, ұяның диаметрі аналық-аталықтардың ұзындығына байланысты 30-60 см болады. Аналықтар ұяға уылдырықтарын негізінен түн мезгілінде шашады,содан кейін аналық кетіп қалады,ал аталықұяны күзетіп тұрады.Тоғандарда уылдырық шашатын жер болмағандықтан оларда жасанды ұялар жасайды, сол ұяларға аналықтар уылдырық шашады.Үрықтандырылған уылдырықтың дамуы екі жетідей уақыт алады.Осы кезде көксеркенің аталығы ұяны жыртқыш балықтардан қорғап күзетіп тұрады. 3-10 тәулік ішінде (судың температурасына байланысты) ұрықтандырылған уылдырықтан ұзындығы 3-6 мм болатын дернәсілдер шығады.

Көксеркенің шабағы ұзындығы 20-30 мм болғанда, онда ересек балықтардың белгілері пайда болса, ол судың төменгі қабаттарына түсіп,жыртқыш балықтардың қасиетіне ие болады.Көксеркенің шабақтары бірінші кезде зоопланктонмен (дернәсіл,жәндіктердің дернәсілдерімен) қоректенеді, одан кейін ол балықтардың дернәсілдерімен, шабақтарымен қоректенуге көшеді.Көксерке негізінен жыңғыл өскен шұңқырларда,картерлерде, шағын өзендердің,көл арналарында, өзендердің құмсауыт жерлерінде тіршілік етеді.Су айдындарының су өсімдіктері қалың өскен аймақтарында кездеспейді.Өзінің жемтігін қуып жүріп ұстайды [1].

МАТЕРИАЛ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ

Ихтиологиялық материалды жинау және өңдеу жалпы қабылданған әдістеме бойынша жүзеге асырылды[2]. Кәсіптік балықтардың, оның ішінде көксеркенің уылдырық шашып көбеюін зерттеу А.Ф. Коблицкая [3] бойынша жүргізілді.Көксеркенің жасын анықтау Н. Н. Чугуноваға сәйкес жүргізілді[4].

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Көксерке балығы Кіші Арал теңізінде биологиялық мелиоратор ролін атқаратын жыртқыш балық болып табылады [5].

Көқарал плотинасы салынғаннан кейін Кіші Арал теңізінің суының тұздылығының азаюына байланысты оның ареалы ұлғайып, теңіздің барлық аймағында кездесетін болды.Теңіз суының тұздылығының азаюы нәтижесінде Бутаков қойнауында да кездесетін болды [6].

Көксерке балығының Сырдария өзеніне кіруі қыркүйек айының соңында басталады.Көксеркенің өзенге өте көп мөлшерде кіруі күзде қазан айының соңында және көктемде наурыз-сәуір айларында байқалады.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Көксеркенің уылдырық шашуы сәуір айының екінші оңкүндігінің бас жағында судың температурасы 7-8 ˚С болғанда басталады.Оның жаппай уылдырық шашуы сәуір айының үшінші онкүндігінің аяқ жағында және мамыр айының бас жағында судың температурасы 14-15 ˚С болғанда өтеді.

Уылдырық шашу кезенінің аяқ кезеңі мамыр айының екінші онкүндігінде судың температурасы 18-20 ˚С болғанда өтеді.

Көксерке балығы Аралдың басқа байырғы балықтары сияқты Кіші Арал теңізінің барлық аймақтарында кездеседі.

Егер 2001-2003жылдары көксерке балығы Сырдария өзенінің құяр сағасында Тәуір және Шағалалы маңында кездессе,2004 жылы теңіздің солтүстік-шығыс және шағын аймақтарында кездесті,ал 2005 жылы теңіздің Бутаков қойнауынан басқа барлық аймақтарында кездесті.

2023жылы ғылыми-зерттеу ауларында көксерке балығының ұзындығы 12-66 см болды, ал салмағы 38-4425 г болды.Орташа ұзындығы 34,4 см,ал орташа салмағы 724,7 г болды.

2023 жылы көксеркенің жастық құрамы он генерациядан тұрды,оның негізгі бөлігін орта жастағы балықтар құрады,бұл оның кәсіпшілік балық аулаудың жоғары деңгейіне қарамастан оның өсіп өнуінің тұрақты екенін және оның популяциясының өзін-өзі реттеу деңгейінің жоғары екендігін көрсетеді (кесте 1).

1 кесте-Кіші Арал теңізінің көксерке балығының негізгі биологиялық көрсеткіштері,2023 жыл

Жастық қатар	Ұзындық, см (мин - макс)	Орташа ұзындық, см	Салмағы, г (мин - макс)	Орташа салмағы, г	Фультон бойынша қондылығы	Саны,дана, n	%
1+	12,0-20,0	17,3	38-98	68,1	1,4	16	2,7
2+	16,0-27,0	21,3	53-256	128,7	1,3	138	23,2
3+	21,5-34,0	26,4	132-568	265,5	1,4	168	28,3
4+	27,5-40,0	35,3	305-877	595,3	1,3	120	20,2
5+	31,0-52,0	40,8	412-2205	966,2	1,4	82	13,8
6+	38,0-56,0	47,9	756-2505	1559,6	1,4	39	6,6
7+	50,0-63,5	53,2	1600-3265	2085,3	1,4	23	3,8
8+	60,0-66,0	63	3095-4065	3519,2	1,4	7	1,2
9+	66	66	4425	4425	1,5	1	0,2
Барлығы	12,0-66,0	34,4	38-4425	724,7	1,4	594	100
Ескерту							

Кіші Арал теңізінің көксерке балығының орташа ұзындық және салмақтық көрсеткіштерінің құрамының динамикасы аздаған айырмашылықтармен сипатталады. Ғылыми-тәжірибелік аулау кезенінде әртүрлі ұзындық топтағы сандарының флуктациясы байқалады.

2023 жылы ғылыми-тәжірибелік аулау кезенінде көксерке балығының орташа жас топтағы және жас дарақтардың саны өскені байқалады, бұл көксерке популяциясының өсіп өнуінің жоғарғы деңгейде екенін көрсетеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Күзгі ғылыми-тәжірибелік ауларда тұздылығы орташа аймақтарда көксеркенің кіші дарақтары көптеп кездесті.Ұзындықтары кіші дарақтар теңіздің басқа аймақтарында да көктеп кездесті.Яғни соңғы жылдары көксерке балығының көбейіп өсіп өнуі жоғарғы деңгейде.

Бұл қазіргі кезеңде көксерке балығының популяциясының тұрақты екендігін және оның кәсіпшілік аулау мөлшерінің жоғарғы деңгейде болып,оны өсірудің мүмкіншіліктері бар екендігін көрсетеді (кесте 2) .

2-кесте - Көксерке балығының 2012-2023 жылдар аралығындағы биологиялық орташа көрсеткіштері

Жылдар	Орташа ұзындығы, см	Орташа салмағы,г	Фультон бойынша қондылығы	Орташа жасы	Саны,дана, n
2012	39,1	758	1,10	4+	143
2013	37,0	701	1,14	4+	173
2014	35,3	578	1,31	4+	349
2015	36,2	692,6	1,46	4+	197
2016	31,6	472,3	1,50	4+	264
2017	29,2	320	1,29	4+	161
2018	27,5	315,24	1,20	3+	452
2019	29,6	349	1,20	3+	302
2020	30,9	456,4	1,30	3+	493
2021	42,4	951,4	1,27	4+	50
2022	32,0	539,4	1,30	4+	961
2023	34,4	724,7	1,40	4+	594
Ескерту					

Кіші Арал теңізінің көксеркенің биологиялық көрсеткіштерінің жаппай өлшеу жұмыстарының нәтижесі оның құрамындағы ұзындықтары 34-42 см бастап дарақтардың басым екендігін көрсетті (кесте 3).

3-кесте –Кіші Арал теңізінің көксерке балығының жаппай өлшеу бойынша есептілік жастық құрамы,2023 жыл.

Жасы	Әр түрлі жастағы балықтардың ұзындық топтары бойынша бөлінген, см											
	19 – 26		26,1-30		30,1-34		34,1-38		38,1-42		42,1-47	
	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%	экз	%
2	13	13,3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
3	85	86,7	54	68,4	-	-	-	-	-	-	-	-
4	-	-	25	31,6	38	46,4	180	68	34	15,2	-	-
5	-	-	-	-	44	53,6	85	32	110	49,4	11	30,5
6	-	-	-	-	-	-	-	-	79	35,4	25	69,5
7	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы	98	100	79	100	82	100	265	100	223	100	36	100

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ҚОРЫТЫНДЫ

1960 жылдары Сырдария және Әмудария өзендері суының ауыл шаруашылығы мақсатында көптеп пайдаланылуы Арал теңізі суының деңгейінің күрт төмендеп, оның тұздылығының өсуіне әкеліп соқтырды. Арал теңізінің байырғы балықтары негізінен тұщы суларда уылдырық шашып көбейітіндіктен,теңіз суының тұздылығының жоғарылауы олардың тіршілігіне кері әсерін тигізді.

1970 жылдардың бас кезінде арал балықтарының уылдырық шашатын орындарында су тұздылығының жоғарлауы олардың шашқан уылдырықтарының жаппай өліп қырылуына әкеп соқтырды. Арал теңізінде балықтырдың өсіп-көбеюіне жағдай болмағандықтан өткен ғасырдың 70 жылдарының соңында оның балық шаруашылықтық кәсіпшілік маңызы толық жойылды.

Алайда өткен ғасырдың 80 жылдарының соңында және 90-жылдардың бас кезінде Сырдария өзенінен теңізге құятын судың мөлшерінің көбейіп және 2005 жылы Көкарал бөгетінің салынуы Кіші Арал теңізінің суының тұздылығының төмендеуіне әсер етті. Кіші Арал теңізінің суының тұздылығының азаюы онда аралдың кәсіпшілік маңызы бар байырғы балықтардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай туғызды.

Көксерке балығы аралдың басқа байырғы балықтары сияқты Кіші Арал теңізінің барлық аймақтарында кездеседі.

Соңғы жылдары ғылыми-тәжірибелік аулау кезенінде көксерке балығының орташа жас топтағы және жас дарақтардың саны өскені байқалады, бұл көксерке популяциясының өсіп өнуінің жоғарғы деңгейде екенін көрсетеді.

Бұл қазіргі кезеңде көксерке балығының популяциясының тұрақты екендігін және оның кәсіпшілік аулау мөлшерінің жоғарғы деңгейде болып,оны өсірудің мүмкіншіліктері бар екендігін көрсетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1.Лапицкий И.И. Направленное формирование ихтиофауны и управление численностью популяций рыб в Цимлянском водохранилище./ Труды Волгоградского отд. ГосНИОРХ - Волгоград. 1970 - С. 61-73.

2.Правдин Н.Ф. Руководство по изучению рыб. – М.: Пищепромиздат, 1965. – 376 с.

3.Коблицкая А.Ф. Изучение нереста пресноводных рыб. М., 1966. – 110 б

4.Чугунова Н.Н. Руководство по изучению возраста и роста рыб. – М.: Пищепрмиздат, 1950.–163 с.

5.Бервальд Э.А. Биология размножения основных промысловых рыб Арала // Материалы по ихтиофауне и режиму вод бассейна Аральского моря. М:МОИП, 1950. – С.83-111.

6.Ермаханов З.К., Плотников И.С., Аладин Н.В. Оценка биологического состояния популяций основных промысловых видов рыб Малого Аральского моря, Труды Зоологического института РАН. Приложение №3, 2013. С.105-112.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ 373.3: 371.3:004

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ БІЛІМ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ «SOFT SKILLS» ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Жүнісова Ұлтай Жылқайдарқызы
Болашақ унивеситеті,п.ғ.м., аға оқытушы
Бақытбекқызы Айжан
Болашақ унивеситеті «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1 курс студенті
Қызылорда, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын көрсетуге арналған. Мақалада болашақ мамандардың «soft skills» дамыту мәселесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулеріне талдау жасалды. «Soft skills» (икемді дағдылар) түрлері мен олардың сипаттамасы берілді.

Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдары: магистранттардың білім беру бағдарламасына «Soft skills» дамыту технологиясы» таңдау пәнін енгізу, жұмыс берушілермен кездесулер өткізу, университет көлемінде байқаулар өткізу, инновациялық әдістерді (тренинг, ментворкинг, жоба), веб-ресурстарды (цифрлық және ақпараттық-коммуникациялық әдістер) қолдану.

Түйін сөздер: soft skills, болашақ бастауыш сынып педагогтері, икемді дағдылар, «soft skills» дамыту жолдары, цифрлық трансформация, білім беру.

Бүгінгі жылдам өзгеріп жатқан жаһандану заманында жұмыс берушілер болашақ мамандардың бойында кез келген ортаға бейімделе алу қабілетінің, коммуникативті және өзара әрекеттесе алу және т.б. икемді дағдылардың болуын талап етеді. Осыған орай, қазіргі жаңа уақыт жоғары білім беру жүйесіне, мамандарды дайындауға жаңа міндеттер қойып отыр. Біздің күнделікті өмірімізге «болашақ дағдылары», «цифрландыру», «білім беру тенденциялары», «soft skills», «hard skills» сияқты терминдер кеңінен енуде. «Soft skills» мәселесін зерттеудің өзектілігі динамикалық инновациялық процестермен сипатталатын қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде жас маманның қабілеттеріне деген көзқарастың өзгеруімен байланысты. Соңғы онжылдықта жүргізілген зерттеулер жас мамандар үшін тек кәсіби құзіреттіліктер ғана емес, сонымен қатар қосымша білімдер мен дағдылардың маңызды екенін көрсетті, бұл дағдылар мен білімдер жоғары оқу орындарының оқу бағдарламасына ішінара ғана енгізілген. Еңбек нарығындағы соңғы зерттеулерге сәйкес жұмыс берушілердің «икемді дағдыларға» қызығушылығы артып келеді, Еуропаның 16 еліндегі жұмыс берушілердің 93%-ы «soft skills» немесе «икемді» дағдыларды кәсіби тәжірибе мен дағдылар сияқты маңызды деп санайды. Бұл экономикадағы, білім беру саласындаға өзгерістерге, яғни индустриялық қоғамның ақпараттық цифрлық технологияларға басымдылық беруімен байланысты. Түрлі елдердің ғалымдары икемді дағдыларды дамытуды жақын арада ұлттық кадрлық саясатты қалыптастыратын тенденциялардың бірі ретінде сипаттап, түпкілікті құзыреттілік - тұтастықты көре білу және күрделі жағдайларда заңдылықтарды анықтау, дұрыс қарым-қатынас жасап, командалық жұмысқа тартылу ролінің артып келе жатқанын атап өтеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

«Soft skills» термині динамикалық өзгеріп отырған әлемдегі негізгі трендтердің бірі болып табылады. Дегенмен, оның танымалдығына қарамастан, әмбебап түсінік әлі жоқ. Ағылшын тілінен аударғанда «soft skills» «жұмсақ» немесе «икемді» дағдыларды білдіреді. «Soft skills» немесе «икемді» дағдылар – адамдарға басқалармен тиімді жұмыс істеуге, кәсіби ортада тез және оңай бағдар жасауға және өз мақсаттарына жетуге көмектесетін дағдылардың, құзыреттердің және жеке қасиеттердің кең ауқымын қамтиды. Шетел ғалымдары Matthias Galster, Antonija Mitrovic, Sanna Malinen, Jay Holland, Pasan Peiris зерттеулерінде «soft skills», икемді дағдыларды жеке даму, әлеуметтік қарымқатынас және кәсіби саласында табысқа жету үшін қажетті тұлғааралық (әлеуметтік - эмоционалды) дағдылар деп анықтайды [1]. Бұл зерттеушілер Жаңа Зеландиядағы мамандардың «soft skills» анықтап, сипаттамасын береді Басқа адамдармен немесе топтармен мағыналы қарым-қатынастар құру мүмкіндігі Келіссөздер Адамдармен қарама-қайшылықтарды шешуде келісімге жету үшін тиімді келіссөздер жүргізу мүмкіндігі Мәселені шешу Мәселені анықтау және өлшеу, мәселені талдау және соңында мәселені шешу арқылы «проблеманың» неліктен пайда болғанын және оны шешу жолын анықтау мүмкіндігі Команда Әңгімелесу, жобалар, кездесулер немесе басқа ынтымақтастықтар кезінде тиімді жұмыс жасау мүмкіндігі Sánchez Soto және оның әріптестері Трухильодағы жеке университетінде білімалушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мен икемді дағдыларды дамыту арасындағы байланысты анықтауға бағытталған зерттеу жұмысын жүргізген [2]. Y.N. Romanenko микрооқыту әдісін ЖОО білімалушылардың икемді дағдыларын дамыту құралы ретінде келесі критерийлерді пайдаланды: 1. Оқыту мақсаттарына микрооқыту әдісі арқылы қол жеткізу. 2. Микрооқыту әдісі арқылы дараландырудың жоғары деңгейіне жету. 3. Оқу процесі қызықты, белсенді, икемді және білімалушыға бағытталуы. 4. Әдістің білімалушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес келуі. 5. Әдісті қол жетімді технологиялар мен ресурстар болған кезде қолдану. Y.N. Romanenko ЖОО білімалушылардың икемді дағдыларын дамытуда оларға практикалық тапсырмалар ретінде кейстер, шығармашылық тапсырмалар, әртүрлі тест түрлері, Miro және Jam Board топтық жұмысы, эссе жазу, рефлексия ұсынған. Микрооқытуды білімалушылармен өзара әрекеттесудің екі негізгі жолы арқылы өткізді: Moodle платформасында білімалушылар жеке тапсырмалар мен тест орындап, кері байланыс алып отырған және Telegram мессенджер арқылы білімалушылар толық ақпарат алып отырды (тапсырмалар жарияланды, сауалнамалар ұсынылды, білімалушылар өзара пікір алмасты, тапсырмаларды орындады және оқытушымен топтық және жеке жұмыстар орындады). 1. Қарым-қатынас қабілеті (бірлесіп жұмыс істеу қабілеті, басқалармен ынтымақтастыққа дайын болу, басқалардың пікіріне төзімділік, тұлғааралық қарым-қатынас жасау қабілеті, байсалдылық, жанжалдарды басқара білу, келіссөздер жүргізу дағдылары); 2. Шығармашылық (жаңа, бірегей, өнімдер жасай білу); 3. Аналитикалық ойлау (ақпаратты талдай білу және шешім қабылдау үшін логиканы пайдалану); 4. Сыни тұрғыдан ойлау (ақпаратқа, оның ішінде өзінің сеніміне де күмән келтіру қабілеті); 5. Икемділік (өзгермелі жағдайларға бейімделе алу, стандартты емес ойлау қабілеті, үйреншікті мінез-құлық үлгілерінен тыс шығу); 6. Пайымдау және шешім қабылдау (баламаларды анықтау және шешім қабылдаушының құндылықтары мен қалаулары негізінде таңдау жасау мүмкіндігі); 7. Өзін-өзі бақылау (әртүрлі іс-әрекеттер мен қарым-қатынаста өзін-өзі тиімді басқару сапалары мен қабілеттерінің синтезі); 8. Жоспарлау (алға қойған мақсаттарға жету үшін ресурстарды оңтайлы бөлу мүмкіндігі, мақсат, міндеттерді қоя білу және оларды болашақта жүзеге асыру үшін ісәрекеттер жасау қабілеті); 9. Зерттеу дағдылары (зерттеу әрекетін ұйымдастыратын және жаңа білімге жетелейтін интеллектуалды және эмпирикалық жұмысқа жету үшін жұмыстың синтезі); Мақаланың мақсаты: болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

жолдарын анықтау. Бұл мақсат келесі міндеттермен анықталады: - болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтауға бағытталған сауалнама алу; - болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын іріктеу. Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында болашақ бастауыш білім педагогтерінің «soft skills» дамыту жолдарын анықтадық. Зерттеу әдістері Бүкіл әлемде цифрлық трансформацияны, оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану және білім беруде электрондық оқытуды пайдалану бойынша зерттеулер 90-шы жылдардан бастап зерттеліп келеді. Электрондық оқытудың басталуы Солтүстік Америка мен Еуропада зерттеліп, белсенді дамыды. Сонымен қатар, Азия елдері әсіресе Корея, Сингапур, Жапония және Қытай білім беруді цифрлық трансформациялау мәселесіне назар аударылды және интернет қосымшаларын әзірлеп оларды оқу үдерісінде пайдалану бойынша көптеген зерттеулер жүргізді. KERIS «Кореяның білім беруіндегі акт» еңбегінде Кореяда білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесін ұсынды. Сонын негізінде білім беру ұйымдары туралы ақпаратты ашуға рұқсат етілген оқу орындарының саны ұлғайды. Құжаттарды электрондық жеткізу қызметі жақсартылып, ол арқылы педагогтер, зерттеушілер білім беру, зерттеу саласына қатысты ақпараттармен еркін алмаса бастады [3]. Қазіргі кезде кореяның барлық жоғарғы оқу орындарының білім беру саласы толығымен цифрлық трансформация жағдайында жұмыс жасап, бірыңғай цифрлық платформаны құру үшін жұмыс істеуде. Tri Nguyen Minh, Hoang Pham Duy Вьетнамның жоғары білім беру саласына цифрлық трансформацияның әсерін сипаттаған. Олардың ойларынша цифрлық трансформация - дамудың жаңа тенденциясы ғана емес, дәстүрлі оқыту әдісін білімалушылардың белсенді және креативті болуына көмектесетін жаңа инновациялық оқыту әдісімен алмастыруға көмектесетін жүйе. Яғни, қалыптасқан дәстүрлі аудиториялық моделінен дәрістер саны азайған және білімалушылардың креативтілігін, шығармашылығын, оқуға қабілетін дамыту үшін оқытудың ақпараттық технологияларын қолданатын білім беруге біртіндеп көшу. Бұл жағдайда білімалушылар өздеріне ыңғайлы уақытта және кез-келген жерде оқуға мүмкіндік алады және оқу процесінде белсенділік танытып, қоғамның жақсаруына өздерінің үлестерін қосады

Ең алдымен, біз бүгінгі ақпараттандырудан цифрландыруға өту кезеңінде білім беруді цифрландыруды жүзеге асырдың тиімді құралы – цифрлық білім беру ресурстары (ЦББР) деп айта аламыз. Сонымен қатар, зерттеліп отырған проблема бойынша әдебиетті талдау, білім беруде цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың әлемдік тәжірибесіне және күнделікті практика ЦББР көмегімен төмендегі педагогикалық мақсаттарға қол жеткізуге болатындығын көрсетеді: - цифрлық технологияларды кеңінен қолдану нәтижесінде білім беру жүйесі жұмысын жетілдіру (оқу-тәрбие үдерісі тиімділігі мен сапасын арттыру; пәнаралық байланыстарды кеңейту; қажетті ақпаратты іздеу жұмысы тиімділігін және көлемін кеңейту; танымдық ісәрекет белсенділігін арттыру); - ЦББР – болжамды нәтижені алу құралы, атап айтқанда, білім алушыларға жоғары нәтиже беретін білім беру процесінің икемділігін және болашақ жұмыс берушілерге жоғары кәсіби мобильді мамандар дайындауды қамтамасыз етуі;

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Титаренко А.И. Структуры нравственного сознания. Москва: Мысль, 1974.
2. Стиллман Д., Стиллман И. Поколение Z на работе. Как его понять и найти с ним общий язык / пер. с англ. Ю. Кондукова. М.; Манн, Иванов и Фербер, 2018.
3. Почобут С.Н. Цифровой этикет: образовательные стратегии // Дискурс. 2022. Т. 8, № 4. С. 42-50.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АНАЛИЗ ТОПОГРАФО-АНАТОМИЧЕСКОГО СТРОЕНИЯ НЕБНОГО ОТРОСТКА ВЕРХНЕЙ ЧЕЛЮСТИ ПО ДАННЫМ КОНУСНО-ЛУЧЕВОЙ КОМПЬЮТЕРНОЙ ТОМОГРАФИИ

Вавуло Полина Игоревна
Белорусский государственный медицинский университет, студентка
Минск, Республика Беларусь

Резюме. Friedman и Hochman (1998) предложили технику анестезии на верхней челюсти для блокады передних и средних верхних альвеолярных ветвей подглазничного нерва. Авторы описывают эффективную анестезию от центрального резца до второго премоляра путем одностронней инъекции в слизистую оболочку твердого неба. Предлагаемая анестезия длится от 45 до 60 минут. Кроме того, авторы утверждают, что при проведении анестезии не происходит онемение губы и мимических мышц. Цель данного исследования заключается в проведении анализа данных конусно-лучевой компьютерной томографии (КЛКТ) в визуализацией добавочного канала canalis sinuosus, при наличии которого данный метод анестезии может проводиться. . На базе УЗ «7-я городская стоматологическая поликлиника г. Минска» в рентгенологическом кабинете совместно с врачом-рентгенологом был проведен анализ 290 КЛКТ верхней челюсти в трансверзальном и аксиальном срезах. В ходе исследования у 46 пациентов был обнаружен добавочный канал canalis sinuosus, что составляет 15,8% всех изученных КЛКТ-сканов. Таким образом, техника анестезии, предложенная Friedman и Hochman (1998) будет эффективна при использовании КЛКТ.

Ключевые слова. верхняя челюсть, конусно-лучевая томография, анестезия, небный отросток.

Актуальность. Традиционно анестезию зубов на верхней челюсти проводят следующими методами: иньекции в переходную складку в проекцию верхушек корней, проводниковой анестезией (инфраорбитальной, торусальной), внутрикостной и интралигаментарной. При первом способе анестезии выявлен ряд недостатков, поскольку необходимо проведение двух иньекций для анестезии одного зуба, при этом происходит излишняя анестезия мимических мышц и губ. В результате многократного введения супрапериостальной инфильтрации, не преднамеренная анестезия губ и мимических мышц приводит к затруднению оценки линии улыбки, что является одним из важных параметров восстановительных ортопедических процедур [3]. Friedman и Hochman (1998) предложили технику анестезии на верхней челюсти для блока передних и средних верхних альвеолярных ветвей. Авторы описывают эффективную анестезию от центрального резца до второго премоляра путем единственной инъекции в слизистую оболочку твердого неба. Ожидаемая анестезия длится от 45 до 60 минут, при этом не происходит онемение губы и мимических мышц.

Техника анестезии состоит в подводе анестетика к передним и средним верхним альвеолярным ветвям второй ветви тройничного нерва, путем диффузии через множество питательных отверстий на небном отростке верхней челюсти. Оба нерва являются коллатералями подглазничного нерва в одноименном канале, который представляет собой ветвь верхнечелюстного нерва. По данным литературы известно, что передний верхний альвеолярный нерв отходит от подглазничного нерва, не доходя 5-8 мм до подглазничного отверстия. Он иннервирует пульпу центрального, латерального резцов и клыка. Средний верхний альвеолярный нерв отходит от подглазничного нерва примерно за 10 мм до

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

подглазичного отверстия. Данный нерв обеспечивает иннервацию пульпы премоляров и мезиального щечного корня первого моляра. Однако средние ветви присутствуют не у всех пациентов. Исследование сообщают, что они обнаруживаются у 30-72% индивидов. Когда же данные ветви отсутствуют, иннервация соответствующей зоны обеспечивается сплетениями между задними и передними ветвями [2].

Зона анестезии при блокаде передних и средних ветвей распространяется с небной стороны, доходя до срединного небного шва, при этом затрагивая слизистую оболочку десны. Данная техника имеет преимущества, поскольку двусторонний блок передних и средних ветвей обеспечивает одновременную анестезию 10 верхних зубов без парестезии мягких тканей верхней губы и мимических мышц, что особенно удобно при проведении эстетических манипуляций.

Цель**.** Определить эффективность техники анестезии на верхней челюсти для блокады передних и средних верхних альвеолярных ветвей с учетом анализа данных топографо-анатомического строения небного отростка верхней челюсти на основании конусно-лучевой томографии.

Материалы и методы. На базе УЗ «7-я городская стоматологическая поликлиника г. Минска» в рентгенологическом кабинете совместно с врачом-рентгенологом проведен анализ 290 КЛКТ верхней челюсти, на которых был рассмотрел добавочный канал Canalis Sinuosus в саггитальном и аксиальном срезах.

Результаты и их обсуждение. Добавочный канал Canalis Sinuosus берет начало от canalis sinuosus и открывается отверстиями в переднем отделе твердого неба в области от центрального резца до первого моляра. В ходе исследования был обнаружен добавочный канал canalis sinuousus на 46 КЛКТ-сканах, что составляет 15,8% от общего количества исследуемых КЛКТ-сканов (см.Рисунок 1) .




Рисунок 1 - КЛКТ-скан с добавочным каналом canalis sinuosus в аксиальном и трансверзальном срезах

Добавочный канал canalis sinuosus имеет различную топографию, которая представлена на схеме (см.Рисунок 2) .




Рисунок 2 – топография добавочного канала canalis sinuosus

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

В ходе исследования было обнаружено 14 КЛКТ-сканов с локализацией 1, что составляет 30,4% от общего числа исследуемых КЛКТ-сканов, 20 КЛКТ-сканов с локализацией 2 – 43%, 15 КЛКТ- сканов с локализацией 3 – 32%, 8 КЛКТ- сканов с локализацией 4 – 17%.

Было проведено 46 наблюдений пациентов, которым проводилась инфильтрационная анестезия в области слизистой оболочки неба при лечении зубов на верхней челюсти. В качестве анестетика использовался 4 % раствор ультракаина с эпинефрином в разведении 1:100 000. Анестезия проводилась карпульной иглой.

Для контроля эффективности обезболивания использовался аппарат «Электроодонтодиагностики». Измерения выполняли на премолярах верхней челюсти до введения анестетика, сразу после инъекции и через 5 и 10 минут после проведения анестезии.За уровень аналгезии принимался порог электровозбудимости пульпы равный 100 мкА. Показатели ЭОД позволили получить информацию о начале, глубине, окончании, рабочем времени, зоне анестезии. Зона (протяженность) обезболивания определялась числом зубов в области инъекции, достигших анестезии .

Аналгезия 2.4 начиналась на 1-й мин в 50 %, на 5-й мин в 25 % и на 10-й мин в 25 % случаев. Продолжительность обезболивания слизистой оболочки составила 25 минут.

Аналгезия 2.5 — на 1-й мин в 100 % и на 5-й мин в 100 % случаев. Продолжительность обезболивания слизистой оболочки составила 25 минут.

Выводы:

1. Добавочный канал Canalis Sinuosus берет начало от canalis sinuosus и открывается отверстиями в переднем отделе твердого неба в области от центрального резца до первого моляра.
2. На базе УЗ «7-я городская стоматологическая поликлиника г. Минска» в рентгенологическом кабинете совместно с врачом-рентгенологом был проведен анализ 290 КЛКТ верхней челюсти в трансверзальном и аксиальном срезах. В ходе исследования у 46 пациентов был обнаружен добавочный канал canalis sinuosus, что составляет 15,8% всех изученных КЛКТ-сканов.
3. Таким образом, техника анестезии с небной стороны в области добавочного канала, предложенная Friedman и Hochman (1998), является эффективной при обезболивании премоляров.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Атлас анатомии человека / Неттер, Фрэнк; пер. с англ. под ред. Л.Л.Колесникова. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2017. - 624 с.
2. Кабак С.Л. Топографическая анатомия и оперативная хирургия: учеб. пособие для студентов учреждений высш. образования по спец. "Стоматология" / Кабак, Сергей Львович, Глинник, Александр Владимирович. – Минск: Вышэйш. шк., 2023. – 205 с
3. Mark J. Freedman, Mark J. Hochman. P-ASA Block Injection: a New Technique to Anesthetize Maxillary Anterior Teeth// Journal of esthetic dentistry. - 1999. - № 2. – С. 63-71.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘЛ-АУҚАТ ҰҒЫМЫ. ПЕДАГОГТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ: ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ КҮЙІ, КӘСІБИ КҮЙІП КЕТУДІҢ АЛДЫН АЛУ, ҚОЛАЙЛЫ ОРТА

Мауенова Назым Туяковна
Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының 2 курс магистранты
Ғылыми жетекші: Алшынбекова Гульназия Канагатовна
Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды университеті, б.ғ.к.,қауымдастырылған профессор

Аннотация: Бұл мақала педагогтардың психологиялық әл-ауқатының маңыздылығын қарастырады. Онда мұғалімдер арасында жиі кездесетін кәсіби күйіп кету мәселесінің себептері мен оның алдын алу шаралары талданады. Зерттеу барысында К. Маслач пен С. Джексонның мұғалімдердің кәсіби күйіп кету деңгейін бағалау үшін диагностикалау әдістемесі қолданылды. Зерттеу барысында сауалнама жүргізіліп, 30 педагогтың кәсіби күйіп кету деңгейі анықталды. Нәтижелер педагогтарға қолайлы орта қалыптастырудың олардың жалпы өнімділігі мен жұмысқа қанағаттануына әсер ететінін көрсетті.

Кілт сөздер: әл-ауқат, психологиялық жай-күй, кәсіби күйіп кету, педагогтар, қолайлы орта

Кіріспе

Қазіргі таңда педагогтардың психологиялық әл-ауқаты мен кәсіби күйіп кетудің алдын алу білім беру саласындағы маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Мұғалімдердің жұмыс барысындағы психологиялық жағдайы олардың жеке өміріне, оқыту сапасына және жалпы кәсіби жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Күйіп кету мәселесі эмоционалды қажу, деперсонализация және жеке жетістіктерді төмен бағалау сияқты компоненттерден тұрады, бұл мұғалімдердің жұмысқа деген қанағаттануын төмендетеді.

Осы зерттеу барысында мұғалімдер арасында кәсіби күйіп кетудің деңгейін анықтау мақсатында К. Маслач пен С. Джексонның диагностикалау әдістемесі қолданылды [1, 99 б]. Аталған әдістеме үш компонент бойынша күйіп кетуді өлшеуге мүмкіндік береді, олар: эмоционалды қажу, деперсонализация және жеке жетістіктерді төмен бағалау. Зерттеуге 30 педагог қатысып, сауалнама арқылы олардың кәсіби күйіп кету деңгейлері анықталды. Нәтижелер педагогтардың жалпы өнімділігі мен жұмысқа қанағаттануына әсер ететін негізгі факторлардың бірі ретінде қолайлы орта қалыптастырудың маңызды екенін көрсетті.

Бұл зерттеу педагогтар арасында қолайлы психологиялық ортаны құрудың қажеттілігін және кәсіби күйіп кетудің алдын алуда тиімді әдістерді қолданудың маңыздылығын айқындайды.

Әдебиеттерге шолу

Педагогтардың кәсіби күйіп кету жағдайы мен психологиялық әл-ауқатын зерттеу саласында көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер күйіп кету деңгейін анықтау, оның себептерін талдау және алдын алу шараларын қолдану сияқты маңызды аспектілерді қамтиды.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

К. Маслач пен С. Джексон (1981) кәсіби күйіп кетуді эмоционалды қажу, деперсонализация және жеке жетістіктерді төмен бағалау арқылы анықтайтын құрылым ретінде қарастырды.

Олардың сауалнама әдістемесі мамандардың эмоционалдық жай-күйін дәл диагностикалауға мүмкіндік береді және көптеген зерттеулерде қолданылып келеді[пен Лейтер [2] күйіп кетудің жеке тұлғалар мен ұйымдарға әсерін сипаттай отырып, оның кәсіби нәтижелерге кері ықпал ететінін атап өтті .

Шауфцманның (1998) зерттеуінде кәсіби күйіп кету ұғымы жан-жақты талданған және оның жұмыс ортасына теріс әсері көрсетілген. Олар педагогикалық ортада күйіп кетудің алдын алудың тиімді әдістерін ұсынып, жұмысқа деген қызығушылықты арттыруға арналған шараларды қарастырады [3].

Хаканен, Баккуфели (2006) мұғалімдер арасындағы күйіп кету деңгейін анықтап, оның оқыту процесіне әсерін зерттеді. Олардың еңбегінде мұғалімдер үшін қолайлы жұмыс ортасын қалыптастырудың білім беру сапасына тигізетін оң әсері көрсетіледі [4] .

Хобфоллдың ресурс теориясы күйзелісті жеңілдетуде ресурстардың рөлі мен маңызын талдайды. Оның теориясы күйіп кетудің алдын алу және педагогтардың әл-ауқатын қолдауда ресурстарды тиімді басқару қажет екенін көрсетеді [5].

Жоғарыда аталған зерттеулер мұғалімнің кәсіби күйіп кету деңгейіне әсер ететін негізгі факторлар мен оларды жеңілдету жолдарын ұсынады. Бұл зерттеулер педагогтардың психологиялық әл-ауқатын сақтау және қолайлы орта қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді, осыған орай қазіргі зерттеу мұғалімдердің кәсіби күйіп кету деңгейін анықтауға және оны төмендетудің тиімді шараларын табуға бағытталған.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеуде мұғалімдердің кәсіби күйіп кету деңгейін бағалау үшін К. Маслач пен С. Джексонның кәсіби күйіп кетуді диагностикалау әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеме үш негізгі компонент бойынша кәсіби күйіп кетуді өлшейді:

1. **Эмоционалды қажу** – мұғалімнің өз жұмысынан эмоционалды шаршау және шамадан тыс күйзеліс сезіну деңгейі. Мұндай жағдайда педагог жұмысына бұрынғыдай күш-қуат пен қызығушылық көрсете алмайды.
2. **Деперсонализация** – басқаларға, әсіресе оқушылар мен әріптестерге қатынастың формалдылық сипатына ауысуы, эмоциялық байланыстардың төмендеуі. Бұл аспект мұғалімнің жұмыс процесінде өз қызметкерлері мен оқушыларына бөтен көзқараспен қарауына әкелуі мүмкін.
3. **Жеке жетістіктерді төмен бағалау** – мұғалімнің өз жетістіктері мен кәсіби қабілеттерін төмен бағалау деңгейі, бұл оның өзін-өзі төмен бағалауға және жұмыста қанағаттанбауға алып келеді.

Әдістеме сауалнамасы анонимді түрде жүргізіліп, зерттеуге жалпы саны 30 мұғалім қатысты.

Нәтижелер

Мұғалімдер арасында кәсіби күйіп кету деңгейін бағалау мақсатында К. Маслач пен С. Джексонның «Диагностика профессионального выгорания» әдістемесі бойынша сауалнама жүргізілді.

Зерттеуге 30 мұғалім қатысты. Сауалнама нәтижелері кәсіби күйіп кетудің үш негізгі аспектісін анықтауға мүмкіндік берді: эмоционалды қажу, деперсонализация және жеке жетістіктерді төмен бағалау.


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1. Эмоционалды қажу: Қатысушылардың 60%-ы жоғары деңгейде эмоционалдық қажу сезінетінін көрсетті. Бұл мұғалімдердің кәсіби өмірінде жиі эмоциялық жүктеме мен стресс әсеріне ұшырайтынын білдіреді. Эмоционалды қажу мұғалімдердің жұмысқа деген мотивациясын төмендетіп, жалпы әл-ауқаттарына теріс әсер етуі мүмкін.

2. Деперсонализация: Мұғалімдердің 30%-ы деперсонализация деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Бұл олардың басқаларға, әсіресе оқушыларға қатынастарында формалдылықтың арта түскенін білдіреді. Мұғалімдер өз жұмысына эмоционалдық байланыс сезінбеген жағдайда, оқушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуда қиындықтар туындауы мүмкін.

3. Жеке жетістіктерді бағалау: Қатысушылардың 40%-ы өздерінің кәсіби жетістіктерін төмен бағалайды. Бұл көрсеткіш олардың жұмысқа деген қанағаттанбаушылық деңгейінің жоғары екенін және мұндай жағдайда кәсіби күйіп кетудің арту қаупі бар екенін көрсетеді.

Қорытынды: Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері мұғалімдер арасында кәсіби күйіп кетудің айқын белгілерінің байқалатынын көрсетті. Мұндай күйдің мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатына, жұмыстағы жалпы қанағаттануына және білім беру сапасына теріс әсер етуі ықтимал.



Кәсіби күйіп кетудің үш негізгі аспектісі бойынша мұғалімдердің пайыздық көрсеткіштері диаграммада көрсетілген: 60% — эмоционалды қажу 30% — деперсонализация 40% — жеке жетістіктерді төмен бағалау Бұл диаграмма кәсіби күйіп кету деңгейінің жоғары екенін және мұғалімдер үшін жұмыс орнындағы қолайлы жағдайлар мен қолдау шараларының қажеттілігін айқындайды.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Қорытынды

Зерттеу педагогтардың психологиялық әл-ауқатының маңыздылығын және кәсіби күйіп кетудің алдын алу шараларының қажеттілігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері мұғалімдердің арасында кәсіби күйіп кетудің үш негізгі аспектісінің бар екенін анықтады: эмоционалды қажу, деперсонализация және жеке жетістіктерді төмен бағалау. Бұл факторлар педагогтардың психологиялық жағдайына және жұмысқа деген қанағаттануына теріс әсер етуі мүмкін.

Сауалнама нәтижелері бойынша 60%-ы эмоционалды қажуды, 30%-ы деперсонализацияны, 40%-ы жеке жетістіктерді төмен бағалауды сезінетіндігі көрсетілді. Мұндай жағдайлар педагогтардың жұмысқа деген қызығушылығын төмендетіп, жалпы кәсіби өнімділікті тежей алады.

Қорытындылай келе, педагогтар үшін қолайлы жұмыс ортасын құру және психологиялық қолдауды арттыру арқылы кәсіби күйіп кетудің алдын алу шаралары маңызды болып табылады. Мұғалімдердің психологиялық әл-ауқатын жақсарту үшін мектептер мен білім беру ұйымдары жұмыс орындарын қолайлы әрі қолдау көрсету шараларымен қамтамасыз етуі қажет. Бұл өз кезегінде педагогтардың жұмысқа деген мотивациясын арттырып, білім сапасының жақсаруына септігін тигізеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Мұнда ИҚ қабылдағышы қосылған пин анықталады. Бұл PIN_RECEIVER тұрақтысы ретінде көрсетілген.

Объектілерді құру:

```
IRrecv receiver(PIN_RECEIVER);
LiquidCrystal lcd(12, 11, 10, 9, 8, 7);
```

Мұнда receiver (IR қабылдағышы үшін) және lcd (LCD дисплейі үшін) нысандары жасалады. Lcd объектісінің конструкторында СКД қосылымының түйреуіштері көрсетіледі.

Орнату:

```
void setup() {
  lcd.begin(16, 2);
  lcd.print("<press a button>");
  receiver.enableIRIn(); // Start the receiver
}
```

Setup () функциясында 16x2 таңбалы СКД инициализацияланады, дисплейге хабарлама шығады және IR қабылдағышы іске қосылады.

Орындау циклі:

```
void loop() {
  if (receiver.decode()) {
    translateIR();
    receiver.resume();  // Receive the next value
  }
}
```

Loop () функциясы алынған ИҚ сигналдарының бар-жоғын үнемі тексеріп отырады. Егер сигнал қабылданса, сигналды өңдеу үшін translateir () функциясы шақырылады.

СКД шығару функциясы:

```
void lcdPrint(char* text) {
  lcd.clear();
  lcd.setCursor(0, 0);
  lcd.print("button pressed:");
  lcd.setCursor(0, 1);
  lcd.print(text);
  lcd.print(" code: ");
  lcd.print(receiver.decodedIRData.command);
}
```

LcdPrint () функциясы дисплейді тазартады, басылған батырма туралы хабарламаны және тиісті мәтінді, сондай-ақ ir командасының кодын шығарады.


ИҚ сигналдарын өңдеу функциясы:

```
void translateIR() {
}
```

Translateir () функциясы алынған ir командасының кодын өңдейді және СКД-ге сәйкес мәтінді шығарады. Бұл код инфрақызыл қашықтан басқару пульті арқылы құрылғыларды басқаруды қажет ететін түрлі жобаларда пайдалы болуы мүмкін. Мұнда қолдануға болатын бір мысалды келтіріп отырмын.

Ақылды теледидар: инфрақызыл қашықтан басқару пульті арқылы басқару опциясын қосу арқылы теледидардың функционалдығын кеңейтуге болады. Бұл теледидарды, медиа ойнатқыштар не ойын консольдері сияқты басқа қосылған құрылғыларды бір басқару құрылғысымен басқаруға мүмкіндік береді [4].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет – 1. Симмулятордағы бағдарламаның орындалуы

Осы мысалдағы бағдарламаның орындалуын төмендігі сілтемені басап көруге болады, яғни практикалық жұмыстың нәтижесін.

https://wokwi.com/projects/298934082074575369

Симулятордың басты артықшылықтарының бірі – берілген контроллерге бағдарлама құру және оның жұмыс нәтижесін бақылау мүмкіндігі. Бұл білімгерлерге теориялық материалды тәжірибемен ұштастыруға, құрылғылардың жұмысын тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Қазіргі таңда, Еліміздегі ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, білім беру ұйымдарында роботтарды қолдану және оларды оқыту өте қарқынды дами бастады. Яғни, барлық жүйелердің түрлері автоматтандыру саласына ауысуда. XXI ғасырды техника, ғылым мен ақпараттану ғасыры деп атауымыз тегін емес. Технологиялық прогресс өркениеттің даму қарқынын анықтайтын негізгі факторға айналды. Өмір сүріп жатқан қоғамымыз бұл үдерістерге бейімделуі үшін білім сапасын арттырып, адамның интеллектуалдық қабілеттерін байытуымыз қажет.

Мұндай өзгерістердің құндылығы айрықша. Автоматтандырылған жүйелерді қолдану – басқару, көшіру және өзгерту процестерінің ыңғайлылығын арттырып, жұмыс сапасын жақсартады. Бұл тұтас қоғамның дамуына ықпал етеді. Осылайша, роботтарды оқыту және қолдану – заман талабына сай білім беру жүйесін қалыптастырудың, жас ұрпақты технологиялық дәуірге дайындаудың маңызды қадамы. Бұл бағыт білім алушыларға жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың шығармашылық және практикалық қабілеттерін дамытуға негіз болады. Қазіргі заманғы білім беру ұйымдары осы саланы дамытуды басты міндет ретінде қарастырып, болашақта технологиялық дамудың көшбасшысына айналуға жағдай жасауы қажет деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Жармакин Б.Қ. Цифрлық электроника элементтерін ARDUINO платформасында құрастыру және бағдарламалау: оқу құралы / Алматы: Эпиграф, 2018. – 144 б.

2. Брага Н. Создание роботов в домашних условиях. —М.:НТ Пресс,2007.—368 с.

3. Цифрлық электроника элементтерін Arduino платформасында құрастыру және бағдарламалау. – Алматы, 2018. – 189 б.

4. https://wokwi.com/

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК: 372.881.111.1

MODERN APPROACHES TO DEVELOPING ENGLISH SKILLS

Kurbanova Madina Abdurashitovna
2-year master's student of the Foreign Languages: Two Foreign Languages,
"Astana International University",
Astana, Kazakhstan

Abstract. In the context of globalization and integration of educational technologies, the role of the English language is becoming especially important. This article examines modern teaching methods that are aimed at developing students' English language skills. The use of information and communication technologies, the introduction of communicative and task-based approaches (TBLT), as well as innovative gadgets have significantly expanded the possibilities of the educational process and increased its effectiveness. The study demonstrates that modern methods help to create an interactive learning environment that promotes deeper understanding and successful application of language in everyday life. The authors' contribution is to substantiate the need to use innovative technologies and methods to form competitive graduates who are able to adapt to modern conditions.

Key words: innovative technologies, communicative approach, TBLT, ICT, English, teaching, modern methods

INTRODUCTION. In the modern world, English is a key tool for international communication, academic and professional growth. In recent decades, approaches to teaching English have undergone significant changes, which is associated with the development of technology and increasing requirements for the quality of knowledge [1, p. 12]. Modern approaches are aimed not only at the transfer of language knowledge, but also at the formation of competencies necessary for successful communication in a global environment [2, p. 24].

Traditional methods based on grammar and translation techniques have gradually given way to more interactive and student-centered approaches. Leading modern methods, such as the communicative approach and TBLT (Task-Based Language Teaching), focus on the development of communication skills, the use of language in real situations and the performance of practical tasks, which contributes to better assimilation of material and the formation of confidence in the use of a foreign language [3, p. 32]. The development of information and communication technologies (ICT) has also revolutionized English language teaching. Modern digital tools and platforms allow students to access learning materials at any time and from anywhere in the world, which significantly expands the opportunities for independent learning and interactive interaction [4, p. 45]. The use of technologies such as electronic textbooks, video conferencing and language applications facilitates the process of adaptation to new conditions and improves the quality of learning [5, p. 50]. These changes are driven by the needs of modern society, which requires graduates not only to have basic language skills, but also the ability to interact effectively in a multicultural and competitive environment.

Methodology. The communicative method is focused on the practical application of language and the development of free communication skills. This method is aimed at involving students in real communication situations, which contributes to improving the level of language proficiency and interpersonal skills. The communicative method also develops the ability to

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

adapt culturally, which is especially important in a globalized world. Practical applications include group discussions, debates and interviews that help students overcome language barriers and build confidence in their skills [3, p. 32]. Task-based Language Teaching (TBLT) is a technique that focuses on students performing practical tasks such as role—playing games and simulations. Unlike the traditional approach, TBLT builds the learning process around performing tasks that simulate real-life situations, which helps students develop language competence and adapt to the use of English in real conditions. In TBLT, special attention is paid to the sequence of tasks, which forms students' logical and critical thinking skills, as well as the ability to react quickly in real communication [4, p. 45].

Information and communication technologies (ICT) — the use of interactive platforms and devices such as tablets, blogs, mobile applications and language simulators. ICTs make it possible to personalize learning by giving students the opportunity to study at a pace and format that is convenient for them. For example, learning platforms provide resources that can be used for self-study, and video conferences and online chats allow students to practice conversational skills with native speakers. The use of ICT also makes learning more flexible and accessible, providing access to resources and interaction opportunities regardless of geographical location, which is especially important in the context of distance learning [5, p. 50]. These approaches complement each other, allowing us to build an effective learning system where theoretical knowledge is supported by practical skills, and modern technologies make the educational process more accessible and motivating for students.

Table 1. The main innovative methods and technologies in English language teaching

Method/Technology	Brief Description	Advantages
Communicative Method	Focus on practical communication	Improvement of speaking skills
TBLT	Learning through real-life tasks	Applicability in real life, student motivation
ICT	Use of digital technologies	Flexibility in learning, access to resources

Literary review. In recent years, research in the field of English language teaching has shown the importance of introducing modern methods and technologies that radically change approaches to learning and meet the requirements of a globalized society. The literature review covers key works on the topics of the communicative method, the TBLT method and information and communication technologies (ICT) in teaching, with an emphasis on their impact on the development of language competence and adaptive skills of students.

The Communicative Language Teaching (CLT) method is one of the most significant approaches to teaching English. Research shows that it allows students to actively use the language, creating a context for a deeper understanding of its structure and functions. The works of Allwright and Littlewood emphasize that CLT contributes to the formation of students' language skills necessary for real communication, which increases their involvement and motivation [1, p. 34]. Modern research emphasizes that this method is especially effective for developing cultural and social skills, as it includes tasks that require interaction, information exchange and joint decision-making, which makes the learning process more natural and realistic [2, p. 42].

TBLT (Task-Based Language Teaching), a technique that focuses on solving practical problems, is considered one of the most effective strategies for teaching English in real conditions. Studies by authors such as Nunan and Ellis show that assignments and role-playing games that simulate real-life situations contribute to more active use of language and improved

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

thinking skills [3, p. 58]. For example, Ellis notes that students studying using the TBLT method demonstrate high results in mastering spoken and written skills, since the learning process is focused on using language to achieve specific goals, rather than memorizing grammatical rules [4, p. 63]. This approach also actively develops students' adaptive abilities, helping them communicate more effectively in a multicultural environment.

Information and communication technologies (ICT) have played a key role in transforming the traditional educational process. The works of Almekhlafi and Degger show that the use of ICT significantly expands the opportunities of students and provides them with access to a variety of resources that can be used both in and out of the classroom [5, p. 70]. The research conducted by Young emphasizes that ICTs, such as online platforms, blogs and interactive applications, provide an opportunity for independent learning and allow teachers to implement an individualized approach adapted to the needs of each student [6, p. 82]. In addition, the works of Wang and He (Wang, He) note that ICTs stimulate students to independently search and analyze information, which helps them become more active and independent in the educational process [7, p. 90].

Modern approaches to English language teaching, such as CLT, TBLT and ICT, demonstrate high effectiveness in developing language skills and abilities for intercultural communication. The work of many researchers confirms that the combination of these methods allows students to develop skills that meet the requirements of the modern labor market, which is especially important in the context of globalization. The works of Davis and Ellis (Davis, Ellis) show that the integration of CLT and TBLT using ICT makes it possible to effectively solve the tasks of teaching English, developing students both communicative and technical skills necessary for successful professional activity [8, p. 104].

Results and Discussion. Modern techniques such as the communicative method and TBLT ensure the development of key skills necessary for communication in English. Research shows that the introduction of these methods improves the motivation of students, their involvement and success in learning the language [6, p. 63].

ICT, especially platforms such as Moodle and Google Classroom, help to adapt learning to the individual needs of each student. The use of gadgets and applications allows students to receive feedback in real time, as well as develop self-regulation skills [7, p. 78].

Table 2. Effectiveness of the use of the communicative method and TBLT in teaching

Parameter	Communicative Method	TBLT
Motivation	High	Very High
Student Engagement	Medium	High
Learning Effectiveness	Medium	High

The introduction of TBLT, aimed at performing real tasks, gives students the opportunity to use the language in situations close to real life, which has a positive effect on the level of language competence. The communicative approach contributes to the development of students' skills of easy communication and adaptation to the cultural peculiarities of different countries [8, p. 88].

Table 3. Results of the introduction of ICT in the educational process

Technology	Advantages	Disadvantages
Online Platforms	Convenience, accessibility	Requires high level of IT skills
Interactive Applications	Individualized learning	Dependence on technical resources
Video Conferencing	Support for remote learning	Limited control capabilities

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Conclusion.

The use of modern methods and technologies in teaching English is fundamentally transforming the educational process, shifting the focus from teacher to student and making learning more interactive and focused on the personal needs of students. The communicative approach and the method of learning through task-Based Language Teaching (TBLT) allow not only to develop language skills, but also contribute to the formation of the ability to effectively interact in various cultural and social contexts. These methods create conditions for a more natural and lively use of language, when students, applying the language in practice, gain confidence and find their own personal approach to learning. This approach significantly increases the involvement and motivation of students, as each lesson is perceived by them as a step towards real communication and solving urgent problems.

Digital technologies and information and communication tools (ICT) in education open up unique opportunities for individualization of the process, providing students with flexible and accessible learning conditions. The use of online platforms, interactive applications and video conferencing not only makes education accessible to students regardless of their location, but also allows them to independently control the pace and depth of mastering the material. For example, online courses and language applications give students the opportunity to repeat complex topics at a convenient time for them, which contributes to better assimilation of information and reduces the stress of having to immediately assimilate a large amount of material.

Modern methods of teaching English are aimed at creating graduates who not only speak the language, but also possess a whole set of skills necessary for successful professional growth in an international environment. Today's labor market requires specialists not only to know English, but also the ability to think critically, adapt to changing conditions and interact effectively with people from different cultures. Modern approaches to teaching English, such as TBLT and ICT, contribute to the development of these qualities, allowing students not only to become successful users of the language, but also confident, flexible professionals. In conclusion, the introduction of modern methods and technologies in English language teaching meets the needs of modern society and the educational environment. Such approaches not only contribute to improving the quality of education and increasing the motivation of students, but also develop them as individuals who are able to freely navigate in a multicultural environment. These graduates are becoming globally competitive, which confirms the need and value of modern methods and technologies in educational practice.

REFERENCES:

1. Almekhlafi, A. The impact of computer-based language learning (CALL) on academic performance and attitude of EFL school students in the United Arab Emirates // Journal of Interactive Learning Research. – 2006. – №17 (2). – Pp. 121-142.

2. Modern trends in teaching English by Yong Kim // Journal of English Language Teaching. - 2011. – Vol. 1.

3. Warwick, E. Conclusion: what have we learned? // International Journal of Educational Research. – 2001. – №35.

4. Baviskar, S. The content and methods of teaching English (communicative language teaching). – Jalgaon: Prashant Publications, 2012.

5. Zer, M.-E. Trends in the education of English language learners. – 2008.

6. Cambridge University Press. Culture in Second Language Teaching and Learning. – M., 2011.

7. Linguodidactic problems of teaching foreign languages. Issue 2. Moscow: Publishing House of St. Petersburg University, 2011.

8. Methods of teaching foreign languages in secondary school. – KARO, 2013.

9. Arkusova, I.V. Modern pedagogical technologies in teaching a foreign language (structural and logical tables and application practice). – M.: NOU VPO MPSI, 2012.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 004.4'277.4

MIT APP INVENTOR БАҒДАРЛАМАСЫНДА «ULTTYQ ASPAPTAR» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚҰРУ

Бейсен Ақмерей Бақытқызы
«Информатика мұғалімдерін даярлау» мамандығының
3-курс студенті
Ақпараттық технологиялар факультеті
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

Аннотация: MIT App Inventor бағдарламасында «Ulttyq Aspaptar» мобильді қосымшасын құру жобасы қазақ халқының дәстүрлі музыкалық аспаптарын таныстыру, олардың маңыздылығын түсіндіру және осы мәдени мұраны сақтауға бағытталған. Қосымшада қазақтың ұлттық музыкалық аспаптары туралы мәліметтер, олардың дыбыстары мен қолданылу тарихы қамтылған. MIT App Inventor платформасы арқылы мобильді қосымшаларды жасау мүмкіндігі кеңейіп, ешқандай бағдарламалау тәжірибесі жоқ пайдаланушыларға да өз жобаларын жүзеге асыруға жол ашады. Бұл мақалада қосымшаны құру процесі, оның мүмкіндіктері мен маңыздылығы қарастырылады.

Кілт сөздер: MIT App Inventor, ұлттық аспаптар, мобильді қосымша, қазақ мәдениеті, музыкалық аспаптар, бағдарламалау, ақпараттық технологиялар, білім беру.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің барлық салаларына елеулі өзгерістер енгізуде. Смартфондар мен мобильді қосымшалар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Әсіресе, білім беру және мәдениет салаларында инновациялық шешімдер жасау және оларды іске асыру қажеттілігі артып келеді. Мобильді қосымшалар арқылы білім беру, мәдениетті насихаттау және ақпаратты жылдам әрі қолжетімді түрде жеткізу мүмкіндігі пайда болды. Осы орайда, ұлттық құндылықтарды жаңғырту және жастарға қазақ халқының мәдени мұрасын таныстыру үшін мобильді технологияларды қолданудың маңызы зор.

MIT App Inventor — Google Labs-та әзірленген, содан кейін Массачусетс технологиялық институтына ауыстырылған Android қолданбаларына арналған көрнекі әзірлеу ортасы. MIT App Inventor бағдарламасында қосымшаларды әзірлеу үшін сізге Java бағдарламалау тілін білу қажет емес, жай ғана алгоритмдеудің қарапайым негіздерін білу жеткілікті [1].

Музыканың адам жан-дүниесіне тигізетін әсері зор, сондықтан оны шынайы ықыласпен қабылдағанда ғана тереңірек түсінуге болады. Ғасырлар бойы жинақталған музыкалық мұра орасан зор және шексіз, бұл ұлан-ғайыр қазына. Әрбір халық пен ұлт әлемдік музыкалық қазынаға өзіне тән ерекше үлесін қосып келеді.

Ұлттық аспаптар – әрбір ұлттың жан дүниесін, өмір салтын, әлеммен қарым-қатынасын, ерекшеліктерін, өнерін, идеологиясын, философиясын және дүниетанымын бейнелей отырып, сол халықтың музыкалық мұрасын жеткізеді. Ұлттық аспаптар өздерінің сыртқы түрі, құрылымы мен қолданылу ерекшеліктері арқылы белгілі бір халықтың тұрмысын, әдет-ғұрыптарын және мәдени құндылықтарын көрсетеді [3].

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Халық тұрмысындағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, діни ұстанымдары сияқты дыбыстық құралдарды да тұрпайыдан классикалық дәрежеге дейінгі нұсқаларын қоса дамытты. Дәстүрлі музыкалық аспаптарымыз этникалық өзін-өзі танушылық секілді белгілермен үзбей байланыста бола отырып, әлеуметтік қарым-қатынастардың барлық жақтарын қамтитын маңызы зор рухани-мәдени және тарихи мұра дәрежесіне дейін жетілді. Осы тұрғыдан алғанда кейбір музыкалық аспап-мұралардың ұлт тарихы, өнері мен ұрпақ тәрбиесіне қызмет етушілік маңызы барынша айқындала түседі. Мәселен, қазақ үшін домбыра заттық және әуездік төл мұра болуымен бірге, оның ұлт үшін рәміздік (символикалық) нышаны да айрықша [2].

Ұлттық аспаптар мәдениеттегі орнын дәстүрлі музыкадан заманауи бағыттарға дейін кеңейтеді. Олар классикалық музыкадан бастап, заманауи жанрларға дейін әртүрлі стильдерде қолданылып, мәдениетті жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бұл аспаптар ұлттық мәдениетті сақтап, оны заманауи әлемде таныту үшін маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, олар ұрпақтар арасындағы байланысты нығайтып, ұлттық дәстүрлерді сақтап қалуға септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта технологиялар мен интернеттің дамуымен ұлттық мәдениетті сақтау мен насихаттаудың жаңа мүмкіндіктері пайда болды. Әсіресе мобильді қосымшалар ұлттық аспаптарды таныту мен олардың маңызын түсіндіруде тиімді құралға айналды. Қазіргі жастар мобильді құрылғыларды белсенді пайдаланатындықтан, ұлттық аспаптармен таныстыру үшін мобильді қосымшалар тиімді құрал болып табылады. Жас ұрпақтың дәстүрлі музыкалық мәдениетке қызығушылығын арттыру үшін қосымшада интерактивті элементтер мен қызықты тапсырмалар қолдануға болады. MIT App Inventor бағдарламасы арқылы «Ulttyq Aspaptar» мобильді қосымшасын құру ұлттық аспаптарды кең аудиторияға таныстыру мен олардың мәдениеттегі орнын түсіндіру мақсатында маңызды қадам болып табылады.

Мобильді қосымша арқылы ұлттық аспаптардың тарихы, олардың шығу тегі, құрылымы мен дыбыс ерекшеліктері туралы ақпарат беру бұл аспаптарды сақтауға және насихаттауға мүмкіндік береді. Қолданушы «Ulttyq Aspaptar» қосымшасын пайдаланып, қазақ халқының ұлттық аспаптарын тыңдап, олардың тарихы мен орындау техникасымен таныса алады. Бұл ақпараттарды визуалды түрде көрсету және тыңдауға мүмкіндік беру аспаптар туралы білімді кеңінен таратуға ықпал етеді.

Мобильді қосымшалар ұлттық аспаптарды тек ұлттық ауқымда ғана емес, халықаралық деңгейде де танытуға мүмкіндік береді. Әлемнің түрлі түкпірлерінен қолданушылар қосымша арқылы қазақтың домбырасы, қылқобыз, сыбызғы және басқа да ұлттық аспаптарымен таныса алады. Бұл аспаптардың дыбыстарын тыңдап, олардың тарихымен таныса отырып, мәдениетке деген қызығушылық пайда болады.

MIT App Inventor платформасы өте кең мүмкіндіктерді ұсынады. Платформада қосымша жасаушының қолына көптеген құралдар беріледі. Мысалы, қолданушы интерфейсін құру, қолданушыдан мәлімет алу, деректерді сақтау, интернетпен байланыс орнату, камера мен GPS сияқты мүмкіндіктерді қолдану сияқты көптеген әрекеттерді орындауға болады. Бұл мүмкіндіктер кез келген мобильді қосымшаның негізін құрайды. Платформада қарапайым блоктар мен элементтер арқылы қажетті функцияларды қосып, қосымшаның ішкі құрылымын қалыптастыруға болады.

MIT App Inventor-дің басты артықшылығы оның қарапайымдылығы мен қолжетімділігінде. Бұл құрал бағдарламалауда тәжірибесі жоқ адамға да түсінікті. Визуалды бағдарламалау жүйесі арқылы блоктарды біріктіріп, қажетті логика мен әрекеттерді орнату қолданушылар үшін өте интуитивті. Яғни, код жазудың орнына, блоктармен жұмыс істей отырып, қолданушылар қосымшаның барлық функцияларын

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

оңай іске қосады. Бұл әдіс бағдарламалау әлеміне алғаш рет қадам басқан жастар үшін үлкен мүмкіндік.

Платформа сонымен қатар көптеген ресурстарды ұсынады, яғни MIT App Inventor-ді үйрену кезінде қолданушыларға түрлі оқулықтар мен онлайн көмек көрсету қызметтері ұсынылады. Платформаның өз форумдары, бейнемазмұндары мен нұсқаулықтары арқылы қолданушылар кез келген қиындықты жеңе алады және өз жобаларын оңай жетілдіре алады. Бұл қолдау жүйесі оқушылар мен жас бағдарламашылар үшін аса маңызды, себебі олар жаңа идеяларды жүзеге асыру барысында жиі туындайтын сұрақтарға жауап таба алады.

MIT App Inventor арқылы мобильді қосымшаларды жасау өзара байланыс орнату, шығармашылықты дамыту және жаңа технологияларды игеруге бағытталған маңызды қадам болып табылады. Платформа жастарды ұлттық мәдениетпен таныстырып қана қоймай, оларды бағдарламалау әлеміне де баулиды.

Қосымшаның басты ерекшелігі — оның әрбір бөлімінің пайдаланушыға ыңғайлы түрде ұсынылуы. Әр аспаптың суреті мен оның дыбысы бірге беріліп, қолданушыларға олардың тарихы мен маңыздылығы туралы ақпарат беріледі. Мұндай қосымша арқылы жастар қазақтың ұлттық мәдениетін жаңа көзқараспен бағалап, өз халқының мәдени мұрасымен таныса алады. Бұл, әсіресе, бүгінде ақпараттық технологиялар кеңінен қолданылатын қоғамда аса маңызды болып табылады.

Қосымшаны жобалаудың алғашқы кезеңінде оның техникалық тапсырмасын құрып, пайдаланушының қажеттіліктерін түсіну өте маңызды. Қосымшада ұсынылатын ақпараттың түсінікті және нақты болуы қажет. Аспаптар туралы мәліметтер, олардың дыбыстары мен құрылымы туралы ақпараттар ең басты компоненттер болып табылады. Бұл мәліметтер нақты әрі дұрыс беріліп, пайдаланушылардың қызығушылығын тудырады. Қосымшаның интерфейсі де маңызды рөл атқарады. Интерфейс қарапайым, бірақ тартымды болуы керек. Әр экран өз функциясын орындап, пайдаланушыны ешбір қиындықсыз қажетті ақпаратқа бағыттайды. Пайдаланушы әрбір аспаптың дыбысы мен тарихын тыңдап, оны тереңірек түсіну үшін көп уақыт жұмсамай-ақ қосымшадан толыққанды ақпарат ала алады.

MIT App Inventor арқылы қосымша жасауда деректер базасын құру да өте маңызды кезең болып табылады. Әрбір аспаптың мәліметтерін сақтап, оларды дұрыс көрсету үшін ақпаратты жүйелі түрде құрылымдау керек. Бұл деректер базасы барлық мәліметтердің дұрыс әрі жылдам өңделуін қамтамасыз етеді. Аудио файлдарды өңдеу және енгізу кезеңі де ерекше. Қосымшада әрбір аспаптың нақты дыбысы болуы тиіс, және бұл дыбыстар олардың тарихымен бірге ұсынылуы керек. Осылайша, пайдаланушылар ұлттық аспаптардың дыбысын тыңдап қана қоймай, олардың мән-мағынасын түсінеді.

Қосымша әзірлеу процесі тек код жазумен немесе интерфейс құрумен шектелмейді. Қосымшаның функционалдық мүмкіндіктері мен пайдаланушы тәжірибесін дұрыс бағалау үшін тестілеу кезеңі ерекше маңызға ие. Әрбір қосымша тек белгілі бір мақсатқа қызмет етеді, бірақ оны пайдаланушылар қабылдауы, оның ыңғайлы әрі қолжетімді болуы өте маңызды. Осылайша, қосымшаны тестілеу және оның нәтижелерін бағалау — кез келген жобаның сәттілігі үшін шешуші кезең болып табылады.

Мобильді қосымшаны әзірлеу кезеңінде оның функционалдығын тексеру, қателерді түзету және интерфейстің пайдаланушыға ыңғайлы болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Осы мақсатта бірінші кезекте қосымшаны тестілеу әдістерін қолдану қажет. Тестілеу арқылы қосымшаның әрбір элементі, компоненті өз жұмысын дұрыс атқарып жатқанын білуге болады. Мысалы, қолданушы интерфейсі мен бағдарламаның логикасын тексеру — бұл қосымшада анықталған функционалды қателерді тез арада табуға және түзетуге мүмкіндік береді. Тестілеу барысында жиі кездесетін мәселелердің бірі — аудио

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

файлдардың немесе деректердің дұрыс көрсетілмеуі. Мұндай кемшіліктерді тексеріп, оларды түзету өте маңызды [4].

Сонымен қатар, қосымшаны жасай отырып, оның тұтынушыларға қандай әсер қалдыратыны туралы пікір алу қажет. Қолданушылардан кері байланыс жинау қосымшаны жетілдірудің тағы бір маңызды жолы болып табылады. Пайдаланушылар өз пікірлерін білдіргенде, қосымшаның қандай бөліктері ыңғайлы екенін, қай жерлері қиындық тудыратынін нақты айтуы мүмкін. Бұл ақпарат қосымшаның функционалдығын, интерфейсін және жалпы пайдаланушы тәжірибесін жетілдіруге бағытталған маңызды қадам болады. Кері байланыс жинау әдістері өте әртүрлі болуы мүмкін. Біріншіден, қосымшада пайдаланушылардың пікірлерін қалдыру мүмкіндігі болуы тиіс. Сонымен қатар, әрбір қолданушыға арнайы сауалнамалар немесе викториналар арқылы олардың қосымшаға қатысты ой-пікірін білуге болады. Әрбір ұсыныс немесе пікір қосымшаны жақсартуға арналған пайдалы ақпарат болып табылады.

Ақырында, қосымшаның нәтижелі әрі табысты болуын қамтамасыз ету үшін оны дұрыс тарату әдістерін қолдану керек. Қосымша сәтті жасалса да, оны дұрыс аудиторияға жеткізу өте маңызды. Қазіргі уақытта қосымшаларды Google Play Store мен Apple App Store сияқты платформалар арқылы тарату ең кең тараған әдіс болып табылады. Бұл дүкендер арқылы қосымшаны көптеген пайдаланушылар қолданып, оны бағалай алады. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде немесе QR кодтар арқылы да қосымшаның кең таралуына ықпал етуге болады. Әсіресе, ұлттық мәдениетті таныту мақсатында жасалған қосымша үшін бұл әдістер өте тиімді.

Қосымшаны тестілеу және оны қолданушылардың пікірлері арқылы жетілдіру кезеңдері оның сапасын арттырады, әрі пайдаланушының қажеттіліктеріне сәйкес болуын қамтамасыз етеді. Сондықтан тестілеу мен кері байланыс жинаудың кез келген қосымша жобасында аса маңызды рөл атқаратынын айтуға болады. Тестілеудің тиімді жүргізілуі мен дұрыс тарату әдістерін қолдану арқылы мобильді қосымша көп адамға жетіп, өз мақсатына толықтай қызмет етуі мүмкін.

Қорытындылай келе, «Ulttyq Aspaptar» мобильді қосымшасын әзірлеу арқылы біз қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын сақтап, оны жаңа ұрпаққа танытуға үлкен мүмкіндік аламыз. Бұл қосымша тек қана ақпарат беріп қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениетті жаңаша тұрғыдан бағалауға жол ашады. Қазақ халқының бай музыкалық мұрасын кеңінен насихаттап, оны жастар арасында танымал етуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. MIT App Inventor ресми сайты. (2024). Мобильді қосымшалар жасауға арналған құралдар. https://appinventor.mit.edu/
2. Жәкішева, З. С. Қазақ мәдениеті және ұлттық аспаптар. – Алматы: «Алматыкітап баспасы», 2015.– 232 бет
3. Адамқұлов, Н М. Ұлттық музыкалық аспаптар дайындау технологиясы: оқу құралы. 1 бөлім / Н М. Адамқұлов. - Алматы : Отан, 2016. - 331 б.
4. Ливенец М. А., Ярмахов Б. Б. Программирование мобильных приложений в MIT App Inventor: Практикум. http:// appinvent.ru/__f/__uroki/AppInventor-Programma-Praktikum.pdf

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

ӘОЖ: 004

ҚАУІПСІЗ ВЕБ АРҚЫЛЫ ЖЕЛІДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРДІ ҚОРҒАУ: СЕНІМДІ ВЕБ-ҚАУІПСІЗДІК СЕРІКТЕСІ

Ғазиз Жамал Ермекқызы
6В01511 – «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Ғылыми жетекші PhD Исакова Гульнур Оралбаевна
«Информатика» кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Аннотация: Қазіргі таңда интернет адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Біз интернетті ақпарат іздеу, қарым-қатынас жасау, қызметтерді пайдалану, тауарлар сатып алу және көптеген басқа мақсаттар үшін күнделікті қолданамыз. Алайда, интернеттің ұсынаған мүмкіндіктері мен ыңғайлылығының артында, сондай-ақ пайдаланушының жеке ақпараттары мен мәліметтерінің қауіпсіздігіне төнетін қауіпті қатерлер де бар. Әлемде интернетте орын алатын кибершабуылдар мен алаяқтықтардың саны күннен-күнге артып келеді, сондықтан интернет пайдаланушыларының қауіпсіздігі мәселесі бұрынғыдан да маңызды болып отыр.

"Қауіпсіз Веб арқылы Желідегі Әрекеттеріңізді қорғаңыз: Сенімді Веб-Қауіпсіздік Серіктесіңіз" тақырыбында құрылған киберқауіпсіздік ассистенті сайты интернет пайдаланушыларының қауіпсіздігін қорғауға арналған инновациялық шешімдерді ұсынатын платформа болып табылады. Бұл сайт интернет қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған түрлі құралдар мен қызметтерді ұсынады, олардың ішінде шифрлау әдістері, фишинг шабуылдарына қарсы қорғау, жүйелерді қорғауға арналған құралдар және т.б. бар [1].

Кілт сөздер: Киберқауіпсіздік, веб-қауіпсіздік, интернет қауіпсіздігі, сенімді веб-қауіпсіздік серіктесі, киберқылмыс, қауіпсіздік ассистенті, фишинг шабуылдары, деректерді қорғау, шифрлау технологиялары, екі факторлы аутентификация (2FA), веб-қосымшалар қауіпсіздігі, ақпаратты қорғау, қауіпсіздік құралдары.

Веб-қауіпсіздік және киберқауіпсіздік терминдері бүгінде интернет қолданушылары мен ұйымдар үшін маңызды және ажырамас ұғымдарға айналған. Бұл екі термин жиі бірге қолданылса да, олар әртүрлі деңгейдегі қауіп-қатерлерге қарсы тұратын түрлі қауіпсіздік шараларын білдіреді. Осыған орай, веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік арасындағы айырмашылықты және олардың маңызды рөлін нақтылап көрсету қажет.

Веб-қауіпсіздік — бұл интернет арқылы қызмет көрсететін веб-қосымшалар мен веб-сайттарды қорғауға арналған шаралар мен технологиялардың кешені. Веб-қауіпсіздік негізінен веб-қосымшалардың жұмысын қауіпсіз етуге және веб-сайтқа немесе серверге қол жеткізу кезінде пайдаланушылардың жеке деректерін қорғауға бағытталған.

Веб-қауіпсіздік саласы келесі негізгі аспектілерді қамтиды:

Шифрлау. Пайдаланушының деректері мен хабарламалары тексерусіз үшінші тұлғаларға жетпей, веб-сайттың серверінде сақталатын деңгейде шифрланады. Бұл әсіресе жеке ақпаратты қорғауда маңызды. Мысалы, HTTPS (Hypertext Transfer Protocol Secure) хаттамасы интернеттегі мәліметтерді шифрлау үшін кеңінен қолданылады, ол сервер мен клиент арасында деректердің қауіпсіз алмасуын қамтамасыз етеді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Аутентификация және авторизация. Веб-қосымшалар пайдаланушының сәйкестігін тексеру және оның құқықтарын анықтау үшін қолданушы аты мен құпия сөз, екі факторлы аутентификация (2FA), биометрия сияқты түрлі әдістерді қолданады. Мұның мақсаты – тек құқықты пайдаланушыларға ғана жүйеге кіруге мүмкіндік беру және барлық әрекеттерді бақылау.

SQL инъекциялары (SQL Injection). Веб-сайттың дерекқорына шабуыл жасау арқылы, хакерлер қолданушының жеке деректерін ұрлап немесе жүйені бұзуы мүмкін. Бұл шабуыл түріне қарсы қорғаныс жүйелері мен кодты дұрыс жазу өте маңызды [2].

Киберқауіпсіздік дегеніміз ақпараттық технологияларды және интернет жүйелерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қолданылатын барлық шаралар мен стратегияларды қамтитын кең ауқымды ұғым. Киберқауіпсіздік веб-қауіпсіздікті қоса, компьютерлер, серверлер, мобильді құрылғылар, желілер, мәліметтер базалары және барлық деректерді қорғау аспектілерін қамтиды. Киберқауіпсіздік инфрақұрылымның барлық деңгейінде кибершабуылдарға, деректердің ұрлануына және жүйелердің бұзылуына қарсы қорғаныс шараларын енгізуді қажет етеді.

Киберқауіпсіздіктің басты мақсаты — ұйымдардың, үкіметтік мекемелердің, жеке тұлғалардың және кәсіпорындардың цифрлық ресурстарын қорғау. Бұл жүйелер түрлі деңгейлерде кибершабуылдардан қорғалуы тиіс. Киберқауіпсіздік саласы келесі негізгі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

Құпиялылықты қорғау. пайдаланушының жеке ақпаратын қорғау үшін әртүрлі шифрлау әдістері мен деректерді сақтау протоколдары пайдаланылады. Құпиялылықты қамтамасыз ету жеке және ұйымдық деректерді қорғауға мүмкіндік береді.

Қолжетімділік. Киберқауіпсіздік жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Кибершабуылдар мен басқа да қауіптерден кейін жүйенің жұмысын қалпына келтіру үшін резервтік көшіру шешімдері мен DDoS (Distributed Denial of Service) шабуылдарына қарсы қорғаныс шаралары маңызды [3].

Веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік арасындағы айырмашылықтар. Веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік арасында белгілі бір ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. Веб-қауіпсіздік интернет қызметтеріне қатысты қауіптерді қорғауға бағытталған болса, киберқауіпсіздік ақпараттық жүйелердің барлық аспектілерін, соның ішінде веб-қосымшаларды, желілерді, серверлерді және деректерді қорғауды қамтиды.

Веб-қауіпсіздік — бұл киберқауіпсіздіктің бір бөлігі, және ол веб-қосымшалардың қауіпсіздігін қорғауды мақсат етеді. Ал киберқауіпсіздік, өз кезегінде, кеңірек ауқымды қамтып, ұйымдардың барлық ақпараттық ресурстарын қорғауды көздейді [4].

Киберқауіпсіздік ассистентінің міндеті мен қызметтері. Киберқауіпсіздік ассистенті – бұл интернет қолданушыларына олардың веб-қауіпсіздігін қамтамасыз ету, деректерін қорғау және кибершабуылдардан сақтану үшін кешенді қызметтер ұсынатын инновациялық платформа. Бұл қызметтің басты міндеті – әртүрлі қауіптер мен алаяқтықтардан қорғану үшін пайдаланушыларға қауіпсіздік құралдарын, кеңестер мен нұсқаулықтарды беру. Киберқауіпсіздік ассистенті тек жеке тұлғаларға ғана емес, сондай-ақ бизнес пен ұйымдар үшін де маңызды қызметтер ұсынады, олар арқылы ұйымдық ақпараттық жүйелер мен деректерді қорғауға мүмкіндік туады [5].

Интернетте деректерді қорғаудың маңыздылығы артқан сайын, киберқауіпсіздік ассистенті бұл мәселені де назардан тыс қалдырмайды. Платформа қолданушылардың жеке және қаржылық мәліметтерін қорғау үшін шифрлау әдістерін пайдаланады. Бұл әдіс деректердің сыртқа шықпауын қамтамасыз етеді, әсіресе кредит картасы мен жеке ақпарат сияқты маңызды мәліметтерді қорғау үшін өте маңызды. Сонымен қатар, қолданушыларға VPN (Virtual Private Network) қызметін ұсынады, бұл интернетке қосылғанда деректердің қауіпсіздігін арттырады және жеке ақпаратты сыртқы шабуылдардан қорғайды.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Интернет алаяқтықтарының бірі – фишинг шабуылдары, мұнда қолданушылардың жеке мәліметтерін ұрлау үшін жалған хабарламалар мен веб-сайттар жасалады. Киберқауіпсіздік ассистенті бұл шабуылдарды анықтау үшін автоматты жүйе ұсынады, сонымен қатар фишингке қарсы кеңестер мен шаралар береді. Егер жүйе жалған веб-сайтты анықтаса, қолданушыны ескертеді және одан сақтану үшін ұсыныстар жасайды.

Екі факторлы аутентификация (2FA) – бұл пайдаланушының есептік жазбасын қосымша қорғау шарасымен қорғауға арналған әдіс. Платформа 2FA орнатуға көмектеседі, бұл қолданушының есептік жазбасына қосымша қауіпсіздік қабатын қосады. Құпия сөзден басқа, SMS немесе мобильді қосымша арқылы келген кодты енгізу талап етіледі. 2FA орнату және баптау бойынша кеңестер беріледі, бұл әсіресе киберқауіптерден қорғаудың тиімді әдісі.

Осылайша, киберқауіпсіздік ассистенті интернеттегі қауіпсіз әрекеттерді жасауға мүмкіндік беретін тиімді құрал болып табылады. Ол көптеген қызметтер мен құралдарды ұсынып, пайдаланушыларды түрлі киберқауіптерден қорғауға көмектеседі [6].

«Қауіпсіз Веб арқылы Желідегі Әрекеттеріңізді қорғаңыз: Сенімді Веб-Қауіпсіздік Серіктесіңіз» тақырыбында құрылған киберқауіпсіздік ассистенті сайтының құрылымы. Бұл сайт Framer платформасы арқылы жасалған. Framer – бұл заманауи веб-сайттар мен интерфейстерді әзірлеуге арналған құрал, ол интуитивті визуалды редактор мен кодты біріктіреді. Сайт Framer платформасының мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасалғандықтан, оның дизайны заманауи, интерактивті және қолданушыға ыңғайлы болып көрінеді. Сонымен қатар, Framer арқылы жасалған сайттар жылдам жүктеледі және түрлі құрылғыларға оңай бейімделеді. Осы платформа арқылы сайт құрылымындағы әрбір элемент стильді және кәсіби деңгейде орындалған [7].


Сайттың құрылымы өте анық әрі қолдануға ыңғайлы етіп ұйымдастырылған. Сайт Басты бетте киберқауіпсіздікке арналған негізгі ақпарат беріледі. Мұнда веб арқылы қауіпсіздікке жетудің маңызды екені айтылады және сайт пайдаланушыларына сенімді серіктес болуға дайын екендігі көрсетілген. Сонымен қатар, 1-суретте көрсетілгендей, байланыс формасы орналастырылған, мұнда пайдаланушылар электронды пошта арқылы хабарлама жібере алады.



Сурет 1. Басты бет


Сайтта қызметтер мен шешімдер туралы толық ақпарат ұсынылған. Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін деректерді қорғау және шифрлау, желілік қауіпсіздік, аудит пен сәйкестік, сондай-ақ тәуекелдерді бағалау және басқару сияқты қызметтер бар. Бұл бөлімдегі бизнес пен жеке пайдаланушылардың қажеттіліктерін ескере отырып дайындалған шешімдерді 2-суретте көрсетілген.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737



Сурет 2. Қызметтер мен шешімдер

Сайтта жеке киберқауіпсіздік стратегиялары да қарастырылған. Мұнда қолданушыларға фишинг, шифрлау және осалдықтарды анықтау сияқты мәселелер бойынша ақпарат беріледі. Сонымен қатар, сайтта статистикалық мәліметтер 3-суретте көрсетілген, мысалы, клиенттердің қанағаттануының жоғары деңгейі және қорғалған жүйелер саны [8].




Сурет 3. Киберқауіпсіздік стратегиялары

Сайтта көрсетілген қолданушылар саны мен статистикалық деректер нақты емес, мысал ретінде ғана алынған. Мұндай тәсіл сайт дизайнында жиі қолданылады, себебі ол пайдаланушыға компанияның қызметтері мен жетістіктерін көзбен көруге мүмкіндік береді және сенімділікті арттырады. Мысалы, қорғалған жүйелер саны, клиенттердің қанағаттануы немесе жасалған жобалардың нәтижелері сияқты көрсеткіштер компанияның тәжірибесін көрсету үшін гипотетикалық деректер ретінде қолданылған.

Бұл тәсіл, әсіресе, сайт әлі даму кезеңінде болғанда немесе нақты статистика әлі жиналмаған жағдайда қолданылады. Оның мақсаты – сайтқа кірген қолданушыларға компанияның қызметтері туралы жалпы әсер қалдыру және олардың сенімін арттыру. Сонымен бірге, мұндай деректер компанияның ұсынатын қызметтері мен мүмкіндіктерін көзбен көрнекі түрде көрсетуге көмектеседі [9]. Жобалар бөлімі ірі компаниялармен жұмыс нәтижесін көрсетеді. Мұнда платформа қорғанысының тиімділігі 95%-дан 100%-ға дейін жеткендігі айқындалған.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Әр жоба жоғары сапалы қорғаныс пен қауіпсіздік деңгейіне жетуге бағытталған. Қосымша функциялар қатарында брендмауэр, деректерді жоғалтуды болдырмау, нақты уақыттағы оқиғаларға жауап беру, қауіп-қатерді барлау және бағдарламалық қамтамасыз етуді қауіпсіз әзірлеу сияқты мүмкіндіктер 4-суретте көрсетілген. Жалпы, сайт заманауи дизайнмен жасалған және қолданушыларға қажетті ақпаратты жылдам әрі оңай табуға мүмкіндік береді.



Сурет 4. Жобалар бөлімі

Сайттың келесі бөлігінде, сурет 5-те көрсетілгендей, көзге бірден түсетін видеоролик орналасқан. Видеоның негізгі мақсаты – киберқауіпсіздік саласының маңыздылығын көрсету және компания қызметтері туралы ақпаратты визуалды түрде жеткізу. Видеода киберқауіпсіздік сертификаттары мен шешімдері туралы, атап айтқанда, Cisco CCNA, CompTIA A+, және eJPT секілді сертификаттар туралы ақпарат беріледі. Бұл элемент сайтқа динамика мен интерактивтілік қосады, сондай-ақ пайдаланушыларға компанияның техникалық құзыретін көрсетеді [10].

Видеодағы көріністерде жарқын бейнелер мен түрлі әсерлер қолданылған, бұл оны қызықты әрі есте қаларлық етеді. Жасанды интеллект, желі қауіпсіздігі, және цифрлық қауіп-қатерлерді басқару сияқты тақырыптар қозғалған. Видеода нақты мысалдар арқылы компанияның қауіпсіздік шешімдері және тренингтерінің тиімділігі айқын көрсетілген.


Бұл видеоролик сайттың басты бетінің визуалдық тартымдылығын арттырып қана қоймай, келушілерді киберқауіпсіздік қызметтері туралы толық ақпарат алуға ынталандырады. Сонымен қатар, пайдаланушылардың сайтта көбірек уақыт өткізуіне ықпал етеді.



Сурет 5. Интерактивті элемент


NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сайттың келесі бөлімі, сурет 6-да көріп тұрғандай, ерекше көрнекілікпен жасалған және пайдаланушының назарын компания қызметтеріне аудартуға бағытталған. Мұнда сайттың негізгі ұраны жазылған: «Біз Жаһандық Киберқауіпсіздік Қызметтерін Ұсынамыз». Қысқаша сипаттама ретінде компания кез келген көлемдегі бизнеске көмек көрсетуге дайын екенін көрсетеді. Бұл бөлімнің басты ерекшелігі – киберқауіпсіздікке қатысты танымал сертификаттарға назар аударту. Олардың ішінде Cisco CCNA, CompTIA A+ және eJPT сияқты атақты сертификаттар көрсетілген. Бұл визуалдар компанияның кәсібилігі мен сенімділігін білдіреді. Келесі бөлімде компанияның статистикалық мәліметтері берілген. Бұл бөлімде компанияның жетістіктері нақты сандармен көрсетілген. Мәліметтер компанияның жаһандық деңгейде жұмыс істейтіндігін дәлелдеу мақсатында кірістірледі [11].



Сурет 6. Компания визуалдары

Сайтта қауіпсіздік қызметтеріне ерекше назар аударылған. 7-суретке сәйкес, мұнда нақты қызмет түрлері көрсетіледі, соның ішінде 24/7 мониторинг, желілер мен жүйелердің үздіксіз қадағалануы, жетілдірілген қауіп-қатерді анықтау және нақты уақыттағы қауіпсіздік оқиғаларына жылдам әрекет ету. Сондай-ақ, қолданушылар сандық активтерін қорғау үшін компаниямен байланысуға шақырылады. Байланысу үшін арнайы форма ұсынылған, онда қолданушы аты-жөнін, электронды поштасын және хабарламасын қалдыра алады.



Сурет 7. Байланыс формасы

Сайттың соңғы бөлімінде компания туралы қысқаша ақпарат берілген. Авторлық құқық туралы мәліметтер жазылған: «© 2024–25. Барлық құқықтар қорғалған». Сонымен қатар, автор ретінде «Ғазиз Жамал» көрсетілген. Сайттың төменгі жағында, 8-суретте көрсетілгендей, пайдаланушыларды желідегі әрекеттерін қорғауға шақыратын хабарлама орналасқан.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737




Сурет 8. Авторлық құқық туралы мәліметтер

Жалпы алғанда, сайт құрылымы логикалық және қолданушыға түсінікті. Басты беттен бастап, барлық бөлімдер мазмұны нақты және сенімді түрде жасалған. Бұл сайт пайдаланушыларға компанияның кәсібилігін және киберқауіпсіздік саласындағы тәжірибесін толыққанды көрсетуге бағытталған.

Қолданушының сайтпен әрекеттесуі. Алдымен, қолданушы браузер арқылы сайтқа кіріп, негізгі бетпен танысады. Содан кейін, сайтта ұсынылған түрлі қызметтерді (мысалы, деректерді қорғау, аудит және сәйкестік, тәуекелдерді басқару) зерттеп, қызығушылық танытуға көшеді. Қолданушы белгілі бір қызметке қызығушылық танытып, толық ақпарат алу немесе сол қызметке жазылу үшін байланыс формасын ашады.

Форма толтырылып, қолданушы өз мәліметтерін, мысалы, электрондық пошта мекенжайы мен сұраныс мәтінін енгізеді. Осыдан кейін қолданушы толтырылған форманы жіберу батырмасын басып, өтінішін сайттың серверіне жібереді. Сервер қолданушының өтінішін қабылдап, оны өңдейді.

Өтініш қабылданғаннан кейін, жүйе қолданушының сұранысын талдап, оған сәйкес жауап дайындайды. Бұл жауапта, мысалы, консультацияның уақыты немесе қосымша ақпарат ұсынылуы мүмкін. Қолданушы осы жауапқа негізделген шешім қабылдайды: егер ұсыныс мақұлданса, ол қызмет көрсетуге немесе келіссөздерге көшеді. Ал егер қолданушы ұсынысты қабылдамаса, ол сайттағы басқа қызметтерді қарауды жалғастырады немесе сайттан шығып кетеді.тЕгер қолданушы "иә" деген шешім қабылдаса, сайт компанияның мамандарымен байланысуды немесе қызмет көрсетуге көшу процесін бастайды. Осылайша, сайттағы интерактивті әрекеттер қолданушының шешімдеріне байланысты екі түрлі сценарийге бөлініп, олардың арасындағы байланыс нақты түрде бейнеленеді. Қолданушының сайтпен әрекеттесуінің толықтырылған реттілік диаграммасы, 9 -суретте көрсетілгендей сипатталады.



Сурет 9. Қолдану нұсқаларының диаграммасы

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Веб-қауіпсіздікке арналған инновациялық технологиялар. Веб-қауіпсіздік — бұл интернет арқылы қолжетімді болатын барлық қызметтер мен жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралар мен технологиялардың жиынтығы. Бүгінде веб-қауіпсіздікті қорғау мәселесі ақпараттық технологиялар саласында маңызды орын алады, өйткені интернет пайдаланушылары мен ұйымдар әртүрлі қауіп-қатерлерге тап болуда. Әрбір веб-қосымша мен веб-сайт пайдаланушының жеке деректерін, қаржылық мәліметтерін және жүйе жұмысын қорғау үшін жаңашыл технологиялар мен шешімдерді қолдануды қажет етеді.

Қазіргі уақытта веб-қауіпсіздік үшін көптеген инновациялық технологиялар мен әдістер енгізілуде. Бұл технологиялар қауіпсіздік жүйелерін тиімдірек етеді, интернет-қорғау құралдарын жетілдіреді және жаңа заманауи қауіп-қатерлерге жауап бере алатындай болуын қамтамасыз етеді.

Блокчейн технологиясы — бұл деректерді орталықсыз сақтап, криптографиялық әдістермен қорғауға негізделген технология. Блокчейн жүйесі деректерді өзгерту немесе бұзу мүмкіндігін қиындатады. Бұл технология транзакцияларды шифрлап, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, сондықтан веб-қосымшаларда ақпаратты қорғауға өте тиімді. Пайдаланушының деректері орталықсыз сақталады, бұл хакерлердің шабуылына қарсы қосымша қорғаныс береді. Блокчейн арқылы қаржылық және деректерді тасымалдау операциялары тексеріліп, алаяқтық әрекеттерден қорғалады.

Жасанды интеллект (AI) және машиналық оқыту (ML) технологиялары веб-қауіпсіздікті күшейтуде маңызды рөл атқарады. Олар жүйені қорғауға және қауіпсіздік инциденттерін болжауға көмектеседі. AI жүйелері шабуылдар мен жүйедегі осалдықтарды алдын ала анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, AI мен ML қалыптан тыс әрекеттерді бақылап, кибершабуылдарды ерте кезеңде анықтай алады. AI фишинг хаттарын автоматты түрде таниды және оларды бұғаттайды, бұл пайдаланушыларды алаяқтықтан қорғауға септігін тигізеді.

Zero Trust моделі — бұл желі ішінде немесе сыртында орналасқан құрылғылар мен пайдаланушыларға бірдей қатал қауіпсіздік талаптарын қоюды мақсат етеді. Бұл модельде ұйымның барлық ресурстарына қатынасты тексеріп, бақылап, шектеу арқылы қорғау қамтамасыз етіледі. Қосымшалар мен жүйелер бір-бірінен оқшауланып, әрқайсысына жеке қауіпсіздік талаптары қойылады. Сонымен бірге, деректер мен қызметтерге қол жеткізу әрдайым тексеріліп, қайта бағаланып отырады [12].

Қорытынды

Интернет пен цифрлық технологиялар қаншалықты кең таралғанымен, олармен бірге келетін қауіп-қатерлер де артып отыр. Деректерді ұрлау, қаржылық алаяқтық, жүйелерге заңсыз қол жеткізу, фишинг пен зиянды бағдарламалардың таралуы — бұл тек веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік саласындағы негізгі мәселенің бір бөлігі ғана. Әсіресе, жеке мәліметтер мен корпоративті деректердің ұрлануы, кибершабуылдар мен желілік ақаулардың артуы қазіргі таңдағы ең үлкен қауіп-қатерлер қатарында тұр.

Осыған байланысты, веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздік туралы түсінік қалыптастыру және осы бағыттағы шараларды уақтылы қабылдау қазіргі интернет әлеміндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аса маңызды. Жаңа технологиялар мен инновациялар (блокчейн, жасанды интеллект, кванттық есептеу және басқа да шешімдер) киберқауіпсіздік саласын түбегейлі өзгертуге дайын тұр. Бұл технологиялар қауіпсіздік жүйелерінің тиімділігін арттырып, жаңа шабуыл түрлеріне қарсы қорғаныс қабаттарын құруға мүмкіндік береді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Сондай-ақ, жеке тұлғалар мен ұйымдардың ақпараттық қауіпсіздік саласындағы жауапкершілігі артып келеді. Киберқылмыстарды болдырмау үшін тек техникалық шаралар ғана емес, сонымен қатар құқықтық реттеулер мен стандарттар да қажет.

Болашақта киберқауіпсіздік әлемі тек техникалық және цифрлық құралдармен ғана емес, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде жаңа ұжымдық және кешенді тәсілдермен толықтырылады. Қазіргі ақпараттық қоғамда веб-қауіпсіздік пен киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін әрбір пайдаланушы мен ұйымның саналы түрде осы салаларда өз міндеттерін орындауы қажеттігі артып келеді. Бұл өз кезегінде бүкіл қоғамның және бизнес-ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, тек қолданыстағы қауіпсіздік шаралары ғана емес, сонымен қатар болашақта цифрлық қауіптерді болжау және алдын алу үшін киберқауіпсіздіктің жаңа тәсілдері мен инновациялық шешімдерін үздіксіз зерттеп, енгізу қажет. Бұл — цифрлық дәуірде сенімді әрі қауіпсіз өмір сүрудің кепілі болып табылады

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Веб-сайт: Қауіпсіз Веб арқылы Желідегі Әрекеттеріңізді қорғаңыз: Сенімді Веб-Қауіпсіздік Серіктесіңіз. https://webservicebyzhamal.framer.website/.
2. Өтебаев, С. (2018). Веб-қауіпсіздік: Қорғаудың негізгі принциптері. Астана: ЖШС «Кітап әлемі».
3. Қабылова, Г. (2020). Ақпараттық қауіпсіздік негіздері. Алматы: Қазақ университеті.
4. Уолл, Д. (2007). Cybercrime: The Transformation of Crime in the Information Age. Polity.
5. Framer. (2023). Framer: A No-Code Tool for Building Interactive Websites and Prototypes. https://www.framer.com.
6. Microsoft. (2022). Security Assistant: A Guide to Enhancing Web and Application Security. Microsoft Press.
7. Грэнджер, С. (2018). The Art of Phishing: Protecting Against Fraudulent Internet Attacks. Wiley.
8. Миллер, М., & Кноблаух, М. (2017). Data Privacy and Security: A Guide to Protecting Your Information. O'Reilly Media.
9. OWASP Foundation (2017). OWASP Top Ten Web Application Security Risks. OWASP.
10. Рескорла, Э. (2001). SSL and TLS: Designing and Building Secure Systems. Addison-Wesley.
11. Тьерер, А. (2020). AI and the Security of the Internet. MIT Press.
12. Накамото, С. (2008). Bitcoin: A Peer-to-Peer Electronic Cash System. [Қолжазба].

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

АҚЫЛДЫ ҮЙДІҢ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІН TINKERCAD-ТА ЖОБАЛАУ

Әділ Самар
6В01511-«Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 3 курс студенті,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Ғылыми жетекші PhD Исакова Гульнур Оралбаевна
«Информатика» кафедрасының аға оқытушысы,
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Аннотация: Бұл мақалада ақылды үйлердің қауіпсіздік жүйелерін жобалаудың заманауи әдістері қарастырылады. Ақылды үйдің қауіпсіздігі күнделікті өмірде үлкен маңызға ие болып отыр, себебі үйде болатын оқиғаларға жылдам жауап беру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін автоматтандырылған жүйелерді қолдану қажет. Осы мақалада Tinkercad платформасы арқылы ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесін жобалау процесі көрсетіледі. Бұл жүйе қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін түрлі датчиктер мен бақылау құрылғыларын, мысалы, қозғалыс сенсорларын, термодатчиктерді және бейнебақылау камераларын біріктіреді. Сонымен қатар, Tinkercad-тағы қарапайым моделдер мен схемалар арқылы жүйенің қалай жұмыс істейтіні және оны қалай құру керектігі түсіндіріледі. Мақалада ұсынылған шешімдер оқушылар мен жас мамандарға ақылды үй технологияларын үйрену үшін қолайлы құрал болып табылады. Жобалаудың бұл әдісі қауіпсіздікті күшейтуге және тұрмыстық техниканың тиімді жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Ақылды үй, қауіпсіздік жүйесі, Tinkercad, жобалау, қашықтан басқару.

Ақылды үйлердің қажеттілігі мен өзектілігі

Ақылды үйлер қазіргі заманның ең маңызды технологиялық жетістіктерінің бірі болып табылады. Бұл үйлерде заманауи автоматтандырылған жүйелер мен құрылғыларды қолдану арқылы үйді басқару, қауіпсіздік пен жайлылық деңгейін арттыру мақсатында түрлі шешімдер қабылданады. Ақылды үйдің қажеттілігі оның тұрғындарының өмірін жеңілдету, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, энергия үнемдеу және қашықтан басқару мүмкіндіктерін ұсыну сияқты артықшылықтарымен айқындалады. [1]

Ақылды үйлердің өзектілігі соңғы жылдары артқан тұрмыстық техника мен цифрлық құрылғыларды біріктірудің нәтижесінде күн санап жоғарылауда. Мұндай үйлерде түрлі сенсорлар мен құрылғылар өзара байланысқа түсіп, үй ішіндегі жағдайды автоматты түрде бақылайды. Мысалы, қозғалыс сенсорлары, бейнебақылау жүйелері, температура мен жарық деңгейін бақылау құрылғылары адамдардың қауіпсіздігін және тұрмыс сапасын арттырады. Сонымен қатар, ақылды үйлер энергияны үнемдеуге, тұрмыстық техниканы тиімді пайдалануға және адамдардың өмір сүру деңгейін жақсартуға ықпал етеді. [1]

Технологиялардың дамуы мен интернеттің жылдам таралуы ақылды үйлердің өзектілігін одан әрі арттырып, оларды тек ыңғайлы емес, сонымен қатар қауіпсіз әрі үнемді өмір сүрудің қажетті құрамдас бөлігіне айналдырды.

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесінің маңыздылығы

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесі қазіргі замандағы тұрмыстағы қауіпсіздік қажеттіліктерін қанағаттандыруда үлкен маңызға ие. Бүгінгі күнде үйлер мен пәтерлерді қорғау мәселесі маңызды болып отыр, өйткені ұрлық, алаяқтық және басқа да қауіптерден

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

қорғану қажеттілігі жоғары. Мұндай жағдайларда ақылды үйдің қауіпсіздік жүйелері үйді автоматты түрде бақылап, қауіпсіздікті қамтамасыз ететін тиімді құралға айналады. [2]

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесінің басты маңыздылығы – ол үй ішіндегі жағдайды нақты уақытта бақылауға, қауіпті жағдайларды алдын ала анықтауға және олар туралы ескертуге мүмкіндік береді. Мұндай жүйелерге қозғалыс сенсорлары, терезе мен есіктердің ашылуын бақылау құрылғылары, бейнебақылау камералары және өрт немесе газ ағып кету детекторлары жатады. Бұл компоненттер үй ішіндегі кез келген күдікті әрекетті анықтағанда немесе қауіп төнгенде, иесіне хабарлама жіберіп, дабыл сигналын қосу арқылы әрекет етеді.

Автоматтандырылған жүйелердің тиімділігі – олардың үздіксіз және нақты уақыттағы жұмысында. Олар адамдардың тұрақты бақылауынсыз, тәулік бойы жұмыс істей алады. Бұл қауіпсіздік жүйелері түрлі сенсорлар мен құрылғылардан алынған деректерді өңдей отырып, оқиғаның сипатына қарай әртүрлі әрекеттерді орындайды, мысалы, қашықтан басқарылатын құлыптарды жабу, дабылды іске қосу немесе төтенше жағдайлар қызметіне хабар беру. [6]

Қазіргі замандағы басты қауіптердің бірі – үйде жоқ кезде үйді қорғау мәселесі. Ақылды жүйелер үй иелеріне мобильді құрылғылар арқылы үйді қашықтан бақылауға, бейнекамералардың көмегімен жағдайды тексеруге және қажет болғанда шұғыл әрекет етуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігін айтарлықтай арттырады.

Осылайша, ақылды үйдің қауіпсіздік жүйелері қазіргі заманғы қауіптерге тиімді жауап берудің бірегей шешімі болып табылады, себебі олар үйдің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймай, адамның өмір сүру сапасын да жақсарта алады деп айтумызға болады.

Tinkercad платформасы

Tinkercad платформасын таңдауым бірқатар маңызды себептермен негізделген. Бұл платформа электроника мен бағдарламалауды үйренушілерге қолжетімді әрі қолдануға оңай құралдар ұсынатындықтан танымал. Tinkercad – бұл Autodesk компаниясының тегін онлайн құралы, және ол негізінен 3D модельдеу, электронды схемаларды жобалау және микроконтроллерлерді бағдарламалау үшін қолданылады. [7]

Tinkercad платформасының артықшылықтары:

1. Қолданудың қарапайымдылығы: Tinkercad интерфейсі өте интуитивті және қолдануға оңай, бұл оны жаңадан үйренушілер үшін қолайлы етеді. Бұл платформада жұмыс істеу үшін күрделі бағдарламалау немесе жобалау білімі қажет емес.
2. Тегін қолжетімділік: Платформа толығымен тегін болғандықтан, оқушылар мен жаңадан бастаушылар оны қаржылай шығынсыз пайдалана алады. Бұл әсіресе білім беру мекемелерінде оқыту мақсатында пайдалы.
3. Жылдам прототип жасау: Tinkercad көмегімен электрондық схемаларды жылдам жобалауға және оларды тексеруге болады. Бұл тез және тиімді прототип жасауға мүмкіндік береді, нәтижесінде үйренушілер өз жобаларын нақты уақытта тексеріп, жетілдіре алады.
4. Виртуалды сынақтар: Платформа жобаланған схемаларды іске қосуға және тестілеуге мүмкіндік береді. Бұл құрылғылардың жұмыс принциптерін нақты аппараттық құралдарды пайдаланбай-ақ зерттеуге жағдай жасайды.
5. Микроконтроллерлерді интеграциялау: Tinkercad-та Arduino секілді микроконтроллерлерді бағдарламалап, электрондық құрылғылардың жұмысын зерттеуге болады. Бұл ақылды үй жүйелерін жасау және бағдарламалау үшін өте ыңғайлы.
6. 3D модельдеу мүмкіндігі: Tinkercad тек электрондық схемалармен ғана емес, сонымен қатар 3D модельдеу үшін де қолданылады. Бұл үйдің қауіпсіздік жүйелерін жобалауда физикалық элементтерді де қосып көрсетуге мүмкіндік береді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Осы артықшылықтар Tinkercad платформасын ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесін жобалау үшін оңтайлы таңдау етті. Платформаның қолжетімділігі мен икемділігі оны жаңадан үйренушілерден бастап кәсіби мамандарға дейін қолдануға мүмкіндік береді, бұл ақылды үй жүйелерінің функционалдығын зерттеуге және дамытуға ықпал етеді. [7]

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесі: негізгі компоненттері және олардың маңыздылығы

Заманауи технологиялардың дамуы тұрғын үйлерді қауіпсіздікпен қамтамасыз етудің жаңа мүмкіндіктерін ашты. Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйелері қазіргі заманғы қауіптерге тиімді жауап беретін заманауи шешімдерге айналды. Мұндай жүйелердің құрамында әртүрлі компоненттер бар, олар үй ішіндегі және сыртындағы жағдайды бақылап, қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Төменде ақылды үйдің қауіпсіздік жүйелерінің негізгі компоненттері және олардың маңыздылығы сипатталған. [5]

1. Қозғалыс сенсорлары

Қозғалыс сенсорлары үй ішінде немесе сыртында қозғалысты анықтауға арналған құрылғылар болып табылады. Олар көбінесе инфрақызыл (PIR) технологиясын пайдаланады, яғни адамдар мен жануарлардың дене жылуын сезіп, сигнал береді. Қозғалыс сенсорлары тұрғын үйдің қауіпсіздігін арттырып, бөгде адамдардың үйге кіру әрекеттерін дереу анықтайды және қауіп туралы ескертулерді автоматты түрде іске қосады. Бұл тұрғындарға үйге рұқсатсыз кірудің алдын алу үшін жылдам шара қолдануға мүмкіндік береді. Сенсорлар ұрлық әрекеттерін ерте кезеңде анықтап, ықтимал зиянды азайтады.

2. Бейнебақылау камералары

Бейнебақылау камералары ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Олар үй ішіндегі және сыртындағы оқиғаларды нақты уақыт режимінде бақылап, жазуға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы камералар жоғары ажыратымдылықтағы бейнені түсіріп, түнгі көріністі қамтамасыз ететін инфрақызыл жарықпен жабдықталған. Камералар күдікті әрекеттерді жазып алып, ықтимал қылмыстың дәлелдерін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бейнебақылау жүйелерін мобильді қосымшалар арқылы қашықтан басқару мүмкіндігі пайдаланушыларға үйде болмаса да, жағдайды бақылауға мүмкіндік береді. Бұл кез келген төтенше жағдайға жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді.

3. Термодатчиктер

Термодатчиктер үй ішіндегі температураны бақылап, оның өзгерісін анықтайтын маңызды құрылғылардың бірі. Олар өрт, газдың шығуы немесе басқа да төтенше жағдайларды дер кезінде анықтап, иесіне хабарлама жібереді. Температураның күрт өзгеруі кезінде термодатчиктер автоматты түрде дабылды іске қосып, тұрғындарды ескертуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе тұрғындардың өмірін және мүлікті қорғап, өрт немесе газ ағып кетуі сияқты қауіпті жағдайлардың салдарынан туындауы мүмкін зиянды азайтады.

4. Есік-терезе бақылау құрылғылары

Есік-терезе бақылау құрылғылары үйдің периметрін қорғауға бағытталған. Олар есіктер мен терезелердің ашылуын немесе жабылуын бақылап отырады. Бұл құрылғылар көбінесе магниттік сенсорлар арқылы жұмыс істейді: есік немесе терезе ашылған кезде сенсорлар арасындағы байланыс үзіледі және жүйе ескерту сигналын береді. Мұндай құрылғылар рұқсатсыз кіру әрекетін анықтап, тұрғындарға қауіп туралы алдын ала хабар береді. Бұл үйді қауіпсіз ұстап, ұрлық әрекеттерін болдырмауға көмектеседі.

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесінің негізгі компоненттері қозғалыс сенсорлары, бейнебақылау камералары, термодатчиктер және есік-терезе бақылау құрылғылары болып табылады. Бұл компоненттер үйлесімді жұмыс істеген кезде тұрғын үйдің қауіпсіздігін

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737


қамтамасыз етуге және төтенше жағдайларға жылдам әрекет етуге мүмкіндік береді. Заманауи қауіпсіздік жүйелері үйді қорғап қана қоймай, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және жайлылықты қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Ақылды жүйелердің тиімділігі олардың дұрыс конфигурациясы мен сапасына байланысты болады.

Tinkercad платформасында жобалау

Tinkercad платформасының интерфейсі


Tinkercad — бұл жаңа бастағандар мен кәсіби қолданушыларға арналған веб-негізді 3D модельдеу және электроника жобалау құралы. Оның интерфейсі қарапайым, интуитивті және оңай меңгеруге болады, бұл пайдаланушыларға жобалау процесін ыңғайлы етуге мүмкіндік береді. [7]

1. Басты бет және жобаларды басқару



Tinkercad-тың басты беті пайдаланушыларға барлық ағымдағы және бұрын жасалған жобаларын көруге мүмкіндік береді. Басты бетте жаңа жобаларды жасау, сақталған жобаларды ашу және оларды ұйымдастыруға арналған құралдар бар. Сонымен қатар, Tinkercad бұлттық платформа болғандықтан, барлық жобалар интернетте сақталады және оларды кез келген құрылғыдан қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

2. 3D модельдеу интерфейсі




3D модельдеу ортасында пайдаланушыларға жобаны жасау және өңдеу үшін келесі құралдар ұсынылады:

- Құралдар тақтасы: Модельдеу процесіне қажетті негізгі құралдар мен функциялар орналасқан. Оларға объектілерді қою, өлшемдерін өзгерту, айналдыру және бір-бірімен біріктіру сияқты мүмкіндіктер жатады.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

 Объектілер кітапханасы: Бұл бөлімде дайын фигуралар, элементтер және компоненттер жинақталған. Пайдаланушылар бұл элементтерді оңай сүйреп апарып, модельге қосып, оларды бейімдей алады.
 Навигация құралдары: 3D кеңістікте модельді жылжыту, айналдыру және масштабтау үшін пайдаланылатын басқару құралдары.
 Тор және өлшеу: Точностьты арттыру үшін торлы жүйе және арнайы өлшеу құралдары бар, бұл объектілерді дәл орналастыруға көмектеседі.

3. Электроника жобалау интерфейсі



Электроника жобалау бөлімі, әсіресе схемалар мен прототиптерді жасауға арналған:

• Компоненттер панелі: Пайдаланушыларға түрлі электрондық компоненттер, соның ішінде резисторлар, жарықдиодтар, сенсорлар, микроконтроллерлер (мысалы, Arduino) қолжетімді. Барлық компоненттер виртуалды кеңістікке оңай сүйреп апарылады.

• Симуляция мүмкіндігі: Пайдаланушылар схемаларды жинап, оларды виртуалды түрде тестілеу үшін симуляцияны іске қосады. Бұл компоненттердің өзара әрекеттесуін және схеманың жұмысын тексеруге мүмкіндік береді.


• Код редакторы: Бағдарламаланатын микроконтроллерлермен жұмыс істеу үшін код редакторы қарастырылған. Мұнда пайдаланушылар код жаза алады және оны тікелей схемаға жүктеп, нәтижесін көре алады.

Tinkercad интерфейсі қарапайымдылығы және мүмкіндіктерінің көптігі арқасында жобалау және прототип жасау үшін қолайлы құрал болып табылады.

Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесін құру үшін келесі негізгі электрондық компоненттер қажет:


NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

1. Arduino микроконтроллері



Жүйенің негізгі басқарушысы ретінде әрекет етеді. Arduino тақтасы түрлі сенсорлардан сигналдар қабылдап, оларды өңдеп, қажетті әрекеттерді жүзеге асырады.

2. Қозғалыс сенсорлары (PIR сенсорлары)



Қозғалысты анықтау үшін қолданылады. PIR сенсорлары инфрақызыл сәулелер арқылы адамның немесе басқа жылу көздерінің қозғалысын сезеді және қозғалыс анықталғанда шығыс сигнал береді.

3. Ультрадыбыстық қашықтық сенсоры (HC-SR04)



Ультрадыбыстық қашықтық сенсоры (HC-SR04) — объектілердің арақашықтығын өлшеу үшін қолданылатын сенсор. Ол ультрадыбыстық толқындарды жіберіп, олардың объектіден кері шағылу уақытын өлшеу арқылы қашықтықты есептейді.


4. Сервомотор



Сервомотор — белгілі бір бұрыштық орынды дәл басқару үшін қолданылатын электрқозғалтқыш. PWM сигналы сервомоторға бұрылу бұрышын анықтайтын басқарушы сигнал жібереді. Сервомотор сигналды қабылдап, қажетті бұрышқа бұрылып, сол күйде ұстап тұрады.


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

5. Реле модулі




Реле модулі – бұл электр тізбектерін ауыстырып қосуға арналған электромеханикалық немесе электрондық құрылғы. Arduino төмен кернеулі сигнал берген кезде реле қосылады немесе өшіріледі, осылайша сыртқы құрылғыларды басқарады.

6. Қуат көзі (Power Supply)



Қуат көзі – электрондық құрылғыларды тұрақты кернеу және токпен қамтамасыз ететін құрылғы. 5В немесе 12В кернеу қамтамасыз ете отырып, жүйенің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

7. Температура немесе жарық сенсоры (LDR)



LDR (Light Dependent Resistor) – жарық деңгейіне сезімтал резистор. Оның кедергісі жарықтың түсуіне байланысты өзгереді: жарық неғұрлым көп болса, кедергісі соғұрлым азаяды, ал жарық азайған сайын кедергі артады. Бұл сенсор жарық деңгейін анықтау үшін қолданылады.

8. Шам



Шам – электр энергиясын жарық энергиясына түрлендіретін құрылғы. Arduino сигнал бергенде, шамдар қосылады немесе өшіріледі.


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

9. Piezo



Пьезо-динамик (немесе жай ғана пьезо-сигнализатор) — электрлік сигналды механикалық тербелістерге түрлендіретін құрылғы. Пьезо-динамик Arduino арқылы қосылып, қауіпті жағдайларда дыбыстық сигнал беру үшін қолданылады.

10. Gas sensor



Газ сенсоры (Gas Sensor) – бұл қоршаған ортадағы әртүрлі газдардың (мысалы, метан, көмірқышқыл газы, пропан, этан және т.б.) концентрациясын анықтау үшін қолданылатын электрондық құрылғы. Газ анықталған кезде дыбыс динамигі (зуммер) іске қосылып, қауіп туралы хабарлайды.

Компоненттерді бір-бірімен қосу:

1. Arduino Uno микроконтроллері барлық сенсорлар мен құрылғылардың орталық басқару құрылғысы ретінде қызмет етеді.
2. PIR қозғалыс сенсорының VCC және GND шығыстары сәйкесінше Arduino-ның 5V және GND пиндеріне жалғанады, ал OUT шығысы цифрлық кіріс пинге қосылады.
3. Ультрадыбыстық HC-SR04 сенсорының VCC және GND шығыстары Arduino-ның 5V және GND пиндеріне, ал Trig және Echo шығыстары сәйкес цифрлық пиндерге жалғанады.
4. Газ сенсорының (MQ-2) VCC және GND пиндері 5V және GND-ға, ал A0 шығысы Arduino-ның аналогтық кіріс пиніне қосылады.
5. Фоторезистор бір шеті 5V-ға, екінші шеті резистор арқылы GND-ға жалғанып, резистордың ортаңғы нүктесі Arduino-ның аналогтық кіріс пиніне қосылады.
6. Реле модульдерінің IN пиндері Arduino-ның цифрлық шығыс пиндеріне, ал олардың VCC және GND пиндері сәйкесінше 5V және GND-ға жалғанады.
7. Зуммердің бір шеті GND-ға, ал екінші шеті Arduino-ның цифрлық шығыс пиніне қосылады.
8. Сервомотордың қуат беретін сымдары 5V және GND-ға, ал басқару сигналының сымы Arduino-ның цифрлық пиніне қосылады.
9. Жарықдиодты шамдар резистор арқылы Arduino-ның цифрлық шығыс пиндеріне жалғанып, GND-ға қосылады.
10. Барлық компоненттер бір-бірімен байланысып, Arduino бағдарламасының көмегімен үйлесімді жұмыс істейді.

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Бағдарламалау коды:

```
#include <Servo.h>
int output1Value = 0;
int sen1Value = 0;
int sen2Value = 0;
int const gas_sensor = A1;
int const LDR = A0;
int limit = 400;
long readUltrasonicDistance(int triggerPin, int echoPin)
{
  pinMode(triggerPin, OUTPUT);  // Clear the trigger
  digitalWrite(triggerPin, LOW);
  delayMicroseconds(2);
// Sets the trigger pin to HIGH state for 10 microseconds
  digitalWrite(triggerPin, HIGH);
  delayMicroseconds(10);
  digitalWrite(triggerPin, LOW);
  pinMode(echoPin, INPUT);
  // Reads the echo pin, and returns the sound wave travel time in microseconds
  return pulseIn(echoPin, HIGH);
}
Servo servo_7;
void setup()
{
   Serial.begin(9600);           //initialize serial communication
  pinMode(A0, INPUT);                 //LDR
  pinMode(A1,INPUT);         //gas sensor
  pinMode(13, OUTPUT);                //connected to relay
  servo_7.attach(7, 500, 2500); //servo motor
  pinMode(8,OUTPUT);         //signal to piezo buzzer
  pinMode(9, INPUT);                  //signal to PIR
  pinMode(10, OUTPUT);                //signal to npn as switch
  pinMode(4, OUTPUT);                 //Red LED
  pinMode(3, OUTPUT);                 //Green LED
}
void loop()
{
    //------light intensity control------//
//-------------------------------------------------------------
   int val1 = analogRead(LDR);
 if (val1 > 500)
         {
         digitalWrite(13, LOW);
   Serial.print("Bulb ON = ");
   Serial.print(val1);
         }
 else
         {
         digitalWrite(13, HIGH);
```


ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

```
    Serial.print("Bulb OFF = ");
   Serial.print(val1);
          }
//-------------------------------------------------------------
       //------ light & fan control --------//
//-------------------------------------------------------------
  sen2Value = digitalRead(9);
  if (sen2Value == 0)
          {
          digitalWrite(10, LOW); //npn as switch OFF
          digitalWrite(4, HIGH); // Red LED ON,indicating no motion
          digitalWrite(3, LOW); //Green LED OFF, since no Motion detected
    Serial.print("     || NO Motion Detected    " );
          }
  if (sen2Value == 1)
          {
          digitalWrite(10, HIGH);//npn as switch ON
    delay(5000);
          digitalWrite(4, LOW); // RED LED OFF
          digitalWrite(3, HIGH);//GREEN LED ON , indicating motion detected
     Serial.print("            || Motion Detected!      " );
          }
//-------------------------------------------------------------
      // ------- Gas Sensor --------//
//-------------------------------------------------------------
int val = analogRead(gas_sensor);      //read sensor value
  Serial.print("|| Gas Sensor Value = ");
  Serial.print(val);                                  //Printing in serial monitor
//val = map(val, 300, 750, 0, 100);
  if (val > limit)
          {
          tone(8, 650);
          }
          delay(300);
          noTone(8);
 //-------------------------------------------------------------
     //-------  servo motor  ---------//
 //-------------------------------------------------------------
  sen1Value = 0.01723 * readUltrasonicDistance(6, 6);
  if (sen1Value < 100)
          {
          servo_7.write(90);
    Serial.print("            || Door Open!  ; Distance = ");
    Serial.print(sen1Value);
   Serial.print("\n");
          }
  else
          {
          servo_7.write(0);
```

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

```
    Serial.print("            || Door Closed! ; Distance =  ");
    Serial.print(sen1Value);
    Serial.print("\n");
  }
  delay(10); // Delay a little bit to improve simulation performance
}
```

Нәтижесінде Tinkercad-та осындай схема шығуы керек:



Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесі әртүрлі датчиктер арқылы жұмыс істейді. PIR қозғалыс датчигі қозғалысты анықтағанда, Arduino жарықдиодты шамды қосып немесе дыбыстық сигнал береді. HC-SR04 ультрадыбыстық датчигі нысанның қашықтығын өлшейді, ал газ датчигі қауіпті газ концентрациясын бақылайды және релені іске қосады. Фоторезистор жарық деңгейін өлшеп, жарық жеткіліксіз болғанда шамдарды қосады. Зуммер қауіпті жағдайларда дыбыстық сигнал береді, ал реле электр құрылғыларын қосып, сөндіреді. Сервомотор есік немесе басқа механикалық бөліктерді автоматты түрде ашады. Бұл жүйе қауіпсіздікті, энергия үнемдеуді және тұрғындардың ыңғайлылығын қамтамасыз етеді.

Жоба қорытындысында, алынған нәтижелер көрсеткендей, мұндай жүйелер үйдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған тиімді шешім болып табылады. Болашақта осы жүйелерді одан әрі жетілдіріп, жаңа технологиялар мен мүмкіндіктерді енгізу арқылы олардың функционалдығын кеңейтуге болады. Ақылды үйдің қауіпсіздік жүйесін дамыту, әсіресе, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам болып табылады деп ойлаймын.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Строкова, Т. В. *Ақылды үй технологиялары* / Т. В. Строкова. – М.: Білім, 2021. – 180 б.

2. Сүлейменов, Б. Ж. *Автоматтандырылған қауіпсіздік жүйелері* / Б. Ж. Сүлейменов. – Алматы: ҚазМУ баспасы, 2020. – 220 б.

3. Ли, Ч. С. *IoT және ақылды үй жүйелерін жобалау* / Ч. С. Ли. – Пекин: Қытай ғылыми баспасы, 2019. – 210 б.

4. Әбдіқалықова, Н. Р. *Ақылды үй технологияларының қауіпсіздік саласындағы қолданылуы* / Н. Р. Әбдіқалықова. – Астана: Экономика, 2018. – 150 б.

5. Bogue, R. *Smart Homes and Home Automation* / R. Bogue. – London: Emerald Group Publishing, 2016. – 185 p.

6. Kaspersky, A. *Internet of Things and Security Solutions* / A. Kaspersky. – Moscow: Kaspersky Labs, 2017. – 200 p.

7. Tinkercad Documentation. *Getting Started with Tinkercad* – https://www.tinkercad.com/learn

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

УДК: 94(560):355.48

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ АУДАРМАСЫ ЖАЙЛЫ (Б. СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІ НЕГІЗІНДЕ)

Қабақбай Жанерке Абайқызы
«6В023 – Аударма ісі» ББ 4 курс студенті
ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ балалар әдебиеті туындыларын шетел тіліне аудару мәселесі қарастырылды. Ол үшін Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесінен алынған үзінділерге қазақ тілінен ағылшын тіліне аударма жасалып, аударма барысындағы мәселелер, оның мағынасын тікелей аудиторияға түсінікті етіп жеткізу әдістері талданды. Автор қазақ балалар әдебиетін шетел тіліне аудару барысындағы қиындықтарға тоқталып, тіліміздің көркемдігін және байлығын сақтауда қолданылатын бірнеше әдістерге тоқталды. Мақалада қазақ балалар әдебиетін шетел тіліне аударма жасау арқылы таныстыру, таныту қажеттілігі айтып өтілді.

Кілт сөздер. Көркем аударма, өскелең ұрпақ, ұлттық дүниетаным, аударманың өзектілігі, қазақ балалар прозасы.

Балалар әдебиеті және оның аудармасы қашан да өзекті тақырып болып келеді. Еліміздің өскелең ұрпағын сапалы әрі қызықты көркем туындылармен қамтамасыз етіп, оқуға еліктіріп, рухани дамуға ынталандыру – басты мақсат. Бұл жайында Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың: «Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн» [1], - деген пікірі балаларға арналған туындыларды кеңінен зерттеп, әсіресе тілді игеру процесінде, болашақ ұрпақтың мәдени, ұлттық тәрбиесінде әдеби шығармалардың сапалылығы мен терең жүргізілген аударма жұмыстарының маңыздылығын дәлелдей түседі. Көркем аударма бүгінгі таңда дүние жүзіндегі ұлттардың ынтымақтастығының, достығының, мәдени қарым-қатынастардың нығаюының, етене жақындасуының ықпалды күші болып табылатындығы сөзсіз. Бұл ешқандай дәлелді қажет етпейтін аксиома.

Қай халықтың да ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық дүниетанымы, өзіндік философиясы, фольклорлық мұрасы, бір сөзбен айтқанда өзіне тән рухани әлемі болатыны ежелден белгілі. Осындай ұлттық руханият қазынасына мейілінше бай жұрттардың бірі – қазақ халқы. Кейінгі дәуірлерде осынау рухани игілік сан жағынан да, эстетикалық тұрғыдан да одан әрі жетіліп, толыға түсті. Бұл тұжырымның бір айқын көрінісі – қазақтың жазба балалар әдебиеті. Бұл – бүгінгі таңда тарихы терең, философиялық-эстетикалық тұғыры нық, ой мен мазмұнға қашанда бай болып келетін құнарлы қазақ әдебиетінің үлкен тармағы болып отыр.

Әсіресе, әлемдік танымалдыққа ие болған, өз оқырманын тапқан «Менің атым Қожа» повесінің аудармасы – осыған дәлел. Бұл повесть және соның негізінде түсірілген көркем фильм ағылшын және басқа шетел тілдеріне аударылып, оқырмандар мен көрермендердің кең аудиториясына ұсынылды.

Біз бұл мақалада әйгілі туындының үзіндісін талдап, қазақ балалар әдебиетінің қазақ-ағылшын тілеріндегі аудармасының өзекті де күрделі, жүйелі де әсерлі тұстарын талдауды, аударманың осы саласына мән беруді жөн көрдік. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлының «Біз әуелі елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек» [2, 310], Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Қазақта «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке

ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек» [3] және «Тіл игеру үшін балалар әдебиетінің атқаратын рөлі зор. Сондықтан қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн» [4] деген пікірлері балаларға арналған туындыларды кеңінен зерттеп, насихаттап, жариялау қажеттігін, ата-баба дәстүрімен жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбие мен ұлттық мәдениетімізді сақтауда ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын дәлелдей түседі. Осы турасында Мемлекет басшысының ұрпақ тәрбиесіне баса назар аударудың қажеттілігін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық жобаларын жүзеге асыруда балалар әдебиеті мен балаларға арналған фольклорлық шығармаларды бала тәрбиесінде кеңінен қолдануды насихаттаудың қажеттігі туындап отыр.

Зерттеушілердің пікіріне сүйенсек: «балалар әдебиеті эстетикалық функцияны атқарады, ол балада сұлулық сезімін тәрбиелейді және дамытады» [5], - деп көрсетеді.

Көрнекті балалар жазушысы, биыл туғанына 100 жыл толған Бердібек Соқпақбаев оқырман жұртшылыққа «Менің атым – Қожа», «Жекпе-жек», «Балалық шаққа саяхат», «Қайдасың, Гаухар?» және үлкенді-кішілі және т.б. повестерімен кеңінен танымал. Солай болған күнде де зерттеуші ғалымдардың, әдебиет сыншыларының аузына ең алдымен «Менің атым – Қожа» шығармасы ілігеді. Әрине, бұл повесть өз кезеңінде қазақ баласының мейлінше дараланған образын сомдап жасауымен назар аударған болатын. Бұл повесть бүгінгі таңға дейін қазақ балалар прозасының ішіндегі ең таңдаулы шығарма ретіндегі өзінің көркемдік-идеялық тұғырынан әлі күнге түсе қойған жоқ.

Шығармадан алынған үзінділердің ағылшын тіліндегі аудармасын жасау барысында, әрине қиындықтар көп болды. Әсіресе грамматикалық, лексикалық трансформациялар жасау тұрақты сөз тіркестерінің эквивалентін табу, контексті түсіну процесті жеңілдетті. Аудармаға мысал ретінде шығармадан үзінділерді таңдап, талдадық.

Мысалы:

Әжем тағы да тұрып алып, құлағымды талай сарсытқан дағдылы өнегесін айта бастады:

- Шыбыным, әйтеуір, ешкімге тимей, ұрынбай, жайыңа жүр. «Тек жүрсең, тоқ жүресің» дейді атаң қазақ. Сенің тентектігіңді менен басқа ешкім де көтермейді. Әйтеуір, саған айтар ақылым, - тыныш жүр, балам, тыныш жүр. Біреудің ала жібін аттаушы болма. Мешкей деген жақсы ат емес [7, 27].

Ағылшын тілінде:

My grandmother stood again and begun to talking my ears off about morality:

- My sweetheart, somehow, don’t touch or hurt anyone, mind your own business. As your forefathers said: “Stay on the straight and narrow, and you'll be safe”. Nobody will tolerate your disobedience except me. In general, all I want to say – is to be quieter, my son, be quiet. Don’t steal, don’t take what isn’t yours. To be greedy it is not a good name.

Қазақ тілінен аудару барысында біз осындай «құлағымды талай сарсытқан» секілді әдеби сөз тіркестері қиындық тудырады. Яғни алдымен контексті жіті анықтауға тырысамыз, бұл жерде әрі қарай әжесінің кеңестерін оқысақ, жасөспірім Қожаның қайталана беретін ақылдарынан жалығып, қолданғанын түсінеміз. Контекстке сай, “to talk my ears off” идиомасын таңдаймыз.

Келесі мысалымыз: «Тек жүрсең, тоқ жүресің»

Аудармасы: “Stay on the straight and narrow, and you'll be safe”.

Нақыл сөздің мағынасына сүйенер болсақ, тыныш, адал жүру арқылы өзіңді сақтауға болады. Осы тұрғыда ағылшындардың түзу өмір жолына түсті деген тұрақты сөз тіркесі бар, бұл “the straight and narrow”. Осыны нақыл сөздің бірінші бөлігін аударуға қолданып, келесі бөлігін мағынасына қарай аудардық. Яғни ағылшын тілінде сай келетін сөзді, эквивалентін іздеу арқылы шеше алдық.

Тағы бір ағылшын тілінде тікелей мағынасы жоқ сөйлем бұл – «Біреудің ала жібін аттаушы болма».

Ағылшын тілінде: “Don’t steal, don’t take what isn’t yours”, деп келтірдік. Себебі біреудің ала жібін аттау деген ұғым саған тиесілі емес нәрсені ұрлауды, кісі ақысын жеу дегенді білдіреді. Бұл жерде конкретизация әдісін қолданып, «ұрлама, алма» етістіктерін ағылшын тілінде жеткіздік. Солай қазақ тіліне тән ұғымды ағылшын тіліне аудардық.

Келесі мысалымыз:

Осы үлкендер деген қызық халық. Бір менің әжем емес, қай-қайсысы да балаларға шетінен өсиет айтқыш, жөн сілтегіш, ақылгөй келеді. «Олай етпе, бұлай ет, ананы істеме, мынаны істе» деп тәптіштеп тұрғанда, таңдайларынан шаң көтеріледі. Ал енді өздеріне қараңдаршы. Не қилы жаман мінез, жөнсіздік осы үлкендердің арасынан шықпай ма? Ұрлық істеп, сотталып жататындар кімдер? Үлкендер. Мас болып, қатын-баласының үрейін алып, үйінде шұрқан шығаратын кімдер? Үлкендер. Бәлеқорлар, жемқорлар, жалақорлар – бәрі үлкендерден шығады. Ендеше, олар бізге, балаларға, ақыл айтып, жөн сілтемес бұрын, әуелі өздерін өздері түзеп алса, қандай жақсы болар еді [7, 27-28].

Ағылшын тілінде:

The elders are strange people. Not only my grandmother, but everyone of them is smart and ready to remind the children of precepts or instructions. Saying “Don’t act like this, do like this, don’t do that, do this”, when they clarify like that, they talk incessantly. Now look at them. Isn't every such bad behavior, manners out of the number of these adults? Who commits thefts and is convicted? The adults. Who, having got drunk, sow panic in their children, wives, and starts a quarrel in their house? The adults. Brawlers, corrupt, slanderers - everything comes from the elders. So, before advising and directing us, children, first of all, it would be great if they change themselves.

Осы аударылған абзацты талдайтын болсақ, ең бір көзге түсетіні – «таңдайларынан шаң көтеріледі» деген сөз тіркесінің болуы. Бұл жерде тоқтаусыз сөйлейді деген ұғымда болғандықтан, оның жалпылай мағынасын тауып, “talk incessantly” деп аудардық. Сонымен қатар бұл жерде сөз тіркесі жалпыланып, етістікке толықтауыш қызметін атқарып тұрған сөйлем мүшесі ағылшын тілінде “incessantly”, деп үстеуге түрленді. Аталған абзацта Қожаның ішкі диалогын, сұрақ қою арқылы үлкендерді талдап жатқан сөйлем түрлерін ағылшын тілінде де дәл солай жеткізу – бізге мәтіннің коммуникативтік мақсатын сақтауға мүмкіндік берді.

Тағы бір талдағанымыз:

Әжем менің қызық адам. Тұрмыстың қарапайым қағидасына бұдан жүйрік кісі осы ауылда сірә де табыла қояр ма екен. Сөйте тұрып, ол көп мәселе жөнінде сәбидей аңқау. Қараңғы болған соң, аңқау болмай қайтсін. Мен қанша әуреленсем де, оған осы күнге дейін жердің домалақ екенін ұғындыра алмай-ақ қойдым. Айтысып-айтысып келеді де, қолын бір-ақ сілтейді [7, 28].

Ағылшын тілінде:

My grandmother is an incredible person. Is there any person in this village who is as quick as she in the simple principles of everyday life? Being like this, she is childish in many things. How can she not be naive if she is not literate? I couldn't explain to her that the earth is round after trying several times. She just argues and argues, then gives up after all.

«Тұрмыстың қарапайым қағидасына бұдан жүйрік кісі осы ауылда сірә де табыла қояр ма екен», «Қараңғы болған соң, аңқау болмай қайтсін» секілді осы мысалдағы сөйлемдер грамматикалық түрлендірулерге ұшырап, ағылшын тілінде сұраулы сөйлемдерге айналды. Сонымен қатар, «сірә де» секілді қыстырма сөздер аударма барысында түсіп қалып, маңызды бөліктерін ғана шығарып отырдық.

«Айтысып-айтысып келеді де, қолын бір-ақ сілтейді». Бұл мысалда «айтысып-айтысып келеді де» қайталанатын сөз тіркесін “argues and argues” деп жеткізу де әжесінің іс-әрекетін эмоционалдық тұрғысынан ашуға көмектесті.

Аудармашы ретінде қазақ тілінен ағылшын тіліне әсіресе, көркем шығарманы аударғанда, бұл процесс лексикалық, грамматикалық түрлендірулер жасауды, мағынаны дөп түсінуді талап етеді. Мағынаны түсінгесін барып қана, ағылшын тіліндегі дәл сондай эмоционалдық, коммуникативтік мәнді беретін сөздер мен сөз тіркестерінің аудармасын іздестіре бастаймыз.

Балалар әдебиетін зерттеуші Б. Ыбырайымның: «Ғылыми-теориялық байыптаулар жасау, балалар әдебиетінің бүгінгі ерекшеліктері, әдебиеттің, жалпы эстетиканың үлкен мәселелері тұрғысынан таразылау арқылы бұл саланың алуан мәселелері сараланып, рухани дамуымызды бағдарлап, болашағымызды болжауға мүмкіндік туды», [8] - деген пікірінен қазақ балалар әдебиетінің аудармасын зерттеудің маңыздылығын аңғарамыз.

Эстетикалық құдіреті, оқырманға тигізер әсер-ықпалы жөнінде әдебиет зерттеушілері тереңінен тартып, жан-жақты талдап айтып келе жатыр. Әдебиеттегі бала образы шынайылықты, айқындықты және әсерлі жасалуды қажет етеді.

Көркем аударманы зерттеуді қолға алған жағдайда оның көпқырлылығын ескермесе болмайды. Аударманың филологиялық пәндерге жалғасатын жолдары едәуір. Мысал үшін алғанда, аударманың жекелеген мәселелері стилистика, лексикология, фразеология, лингвоелтану, әдеби әлеуметтану, лингвомәдениеттану және т.б. салалары арқылы қарастырылуы мүмкін. «Аудармаға көңіл бөлу бүгін ғана туып отырған жоқ, бұл ежелден келе жатқан тиянақты дәстүр. Ол ауыспай мәдениет кенересі көтерілмесе керек» [9], - дейді аударматанушы С. Талжанов**.**

Балалар әдебиетінің қоғамдық-әлеуметтік салмағы қай кезде де жеңілдемек емес. Қазақ балалар прозасында балалар образдарының жасалу жолдары күрделі, біркелкі тегіс жолдан өте қойған жоқ. Бүгінгі жас ұрпақты эстетикалық-идеялық тұрғыдан тәрбиелеу барысында бұл көтеріліп отырған мәселенің қашанда маңызды болатыны сөзсіз. Аудармашы таланты – айрықша талант. Ол өз тілінің айшығы мен ажарын, көркемдік бейнелеу мүмкіншілігін, бейнелілігін еркін меңгерген дарынды болумен бірге, түпнұсқаның мазмұны мен мәнін, тіл байлығын, ұлттық бояуын жете білетін шебер маман дәрежесіне көтерілуі шарт.

Қорытындылай келе, біз «Менің атым Қожа» туындысының үзінділерін талдай отырып, қазақ-ағылшын тілдеріндегі аударма процесінің ерекшеліктеріне жіті үңіліп, аударма жасадық. Аудару барысында қазақ және ағылшын тілдерінің сөйлем құрылысын сақтауға және шығарманың эмоциялық бояуын жоғалтпауға мән бердік. Аударма барысында мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін, одағайларды аудару қиындық тудырды, сондықтан аударманың балама принципін қолдануға тура келді. Жалпы алғанда, қазақ балалар әдебиетін өзге тілді оқырманға таныстырудың маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық құттықтауы //https://egemen.kz/article/300394-memleket-basshysy-qasym-zhomart-toqaevtynh-dganha-dgyldyq-quttyqtauy. Қаралым күні: 04.11.2024 ж.

2. Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан // Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Т. IY. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөз- де жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-шежіре», 2013. – 384 б.

3. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Қазақстан халқына жолдауы. Нұр-Сұлтан, 1 қыркүйек 2022 жыл // https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416. Қаралым күні: 04.11.2024 ж.

4. Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Egemen Qazaqstan. – 2021. – 5 қаңтар

5. Ермагамбетова А.С., Иржанова С.Қ. Балалар әдебиетін аударудағы ерекшеліктер // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ хабаршысы. “Филология ғылымдары” сериясы. – 2021. – №2 (61). – 115-120 бб.

6. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. Алматы, Мектеп, 1974. – 176 б.

7. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. Повестер. – Алматы: «Атамұра», 2003. – 304 б.

8. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 224 б.

9. Талжанов С. 3 томдық шығармалар жинағы. 3 том. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 368 б.

NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH
«SCIENCE AND EDUCATION: MODERN TIME»
(ISSUE 12, 2024)
ISSN 3005-4729 / e-ISSN 3005-4737

Кумарбекова Асылай Мақсатқызы
Алматы экономикалық колледжінің студент

Мен - Кумарбекова Асылай Мақсатқызы. Өзімді ең алдымен таныстырып кетсем, Алматы қаласының тумасы боламын, №5 орта мектептен білім алып, 9 жыл оқу оқып, үздік бітірдім. Ал қазіргі таңда «Банк және сақтандыру ісі» мамандығы бойынша Алматы Экономикалық Колледжінде білім алу үстіндемін.

9 сыныпты бітірген кезде басты арманым білім сапасы жағы, Алматы қаласы бойынша үздік колледж біріне түсу болды. Ал АЭК – Республикалық «Жылдық үздік колледж» Жыл талдауы байқауларында 1 орын алған колледж болды. Сонымен қатар, ақпараттық жүйелер мамандығы бойынша дүниежүзілік қайта құру және даму бөлімінің грант иегері. 80 жылдан астам уақыт басы білікті мамандарды дайындап келе жатқан мемлекеттік үздік оқу орны болып саналады. Арманыма жетіп, қазіргі таңда Алматы экономикалық колледжінің 3 курс студенті болып, тамаша студенттік өмірімді өткізудемін.

